



«Нұрбанк» АҚ

**Шоғырландырылған қаржылық
есептілік**

*2023 жылдың 31 желтоқсанында
аяқталған жыл үшін*

МАЗМҰНЫ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУҒА ЖӘНЕ БЕКІТУГЕ ЖАУАПТЫ ЕКЕНІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ

Пайданың немесе шығын мен басқа да жиынтық кірістің шоғырландырылған есебі	1–2
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	3
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	4
Жеке капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	5
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер	6–85

«НҰРБАНК» АҚ

БАСШЫЛЫҚТЫҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУҒА ЖӘНЕ БЕКІТУГЕ ЖАУАПТЫ ЕКЕНІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

Басшылық «Нұрбанк» Акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан былай – «Топ») 2023 жылдың 31 желтоқсаны күнгі күй-жайы бойынша Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (бұдан былай – «ҚЕХС») сәйкес, шынайы қаржылық жағдайын көрсететін шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеуге, сондай-ақ аталған күні аяқталған жыл ішіндегі оның қызметінің нәтижелері, ақша қаражаттарының қозғалысы мен капиталының өзгерістерінің дұрыс берілуі үшін жауап береді.

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеу кезінде төмендегідей істер үшін жауапкершілікке тартылады:

- есептік саясатты дұрыс таңдау мен ұстанымдарының қолдануын қамтамасыз ету;
- ақпаратты, соның ішінде есептік саясат туралы мәліметтерді, мұндай ақпараттың реттілігін, шынайылығын, салыстырылуы мен түсініктілігін қамтамасыз ететін формада берілуі;
- ҚЕХС талаптарын орындау қандайда бір мәмілелер, сондай-ақ басқа да оқиғалар немесе шарттар Топ қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне әсер ететін ықпалды есептілікті қолданушылардың түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда, қосымша ақпараттарды ашу;
- Топтың жақын келешектегі қызметін жалғастыруға қабілеттілігін бағалау тәсілін.

Басшылық төмендегідей істер үшін де жауапкершілікке тартылады:

- Топтың ішкі бақылау жүйелерін әзірлеу, енгізу және олардың тиімділігі мен сенімділігін қолдау;
- Топтың мәмілелерін ашу мен түсіндіруге, сондай-ақ беруге мүмкіндік беретін формада, Топтың қаржылық жағдайы туралы кез келген күнгі ақпараттың есебін жүргізуді, қаржылық есептіліктің ҚЕХС талаптарына сәйкестігінің жеткілікті дәлдікте болуын қамтамасыз ету;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепті жүргізу туралы заңнамалары мен стандарттарына сәйкес жүргізу;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз етуге қатысты ақылға қонымды мүмкін болған шаралардың барлығын жасау; және
- қаржылық және басқа да теріс пайдалану деректерін анықтау мен алдын алу.

2023 жылдың 31 желтоқсаны аяқталған жылғы бұл шоғырландырылған қаржылық есептілікті Топ басшылығы 2024 жылдың 5 сәуірінде бекітті.

Басқарма төрайымы

Бас бухгалтер



Мусатаева Г.А.

Оспанова Г.А.

«НУРБАНК» АҚ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ТАБЫСТАР НЕМЕСЕ ШЫҒЫНДАР МЕН БАСҚА ДА ТАБЫС ЖИЙНТЫҒЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

<i>Мың теңге</i>	<i>Ескерту</i>	2023 ЖЫЛ	2022 ЖЫЛ
Тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептелген пайыздық кірістер	4	52,872,661	42,911,759
Басқа да пайыздық кірістер	4	1,589	672
Пайыздық шығыстар	4	(27,795,564)	(22,700,074)
Таза пайыздық кіріс		25,078,686	20,212,357
Күтілген кредиттік залалдар бойынша шығыстар	5	(16,599,002)	(14,875,311)
Күтілген кредиттік залалдар бойынша шығындардан кейінгі таза пайыздық кірістер		8,479,684	5,337,046
Комиссиялық кірістер	6	13,332,861	14,382,700
Комиссиялық шығыстар	6	(8,471,182)	(8,564,287)
Таза комиссиялық кіріс		4,861,679	5,818,413
Табыс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтермен жасалған операциялардан түскен таза табыс (бұдан әрі – «ТШӨҚ»)	7	1,376,139	4,311,408
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза табыс	8	3,673,784	3,456,602
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланған қаржылық активтерді мойындауды тоқтату нәтижесінде алынған таза кірістер (бұдан әрі – «БЖКӨҚ»)		15,532	267,876
Басқа да операциялық кірістер, нетто	9	1,290,089	1,390,223
Таза операциялық кірістер		19,696,907	20,581,568
Қызметкерлердің шығыстары	10	(8,186,558)	(7,206,071)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	11	(6,553,299)	(5,493,884)
Қорларды құру және құнсыздану бойынша (шығыстар) қалпына келтіру	18,19,20	(356,996)	361,912
Корпоративтік табыс салығын есептен шығарғанға дейінгі табыс		4,600,054	8,243,524
Корпоративтік табыс салығы бойынша экономия/(шығыстар)	12	3,142,331	(2,586,879)
Жыл ішіндегі табыс		7,742,385	5,656,645

6-шы беттен 85-ші бетке дейін қосымшада берілген ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«НУРБАНК» АҚ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ТАБЫСТАР НЕМЕСЕ ШЫҒЫНДАР МЕН БАСҚА ДА ТАБЫС ЖИЫНТЫҒЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

Мың теңге	Ескерту	2023 жыл	2022 жыл
Басқа да жиынтық кіріс			
<i>Пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныпталған немесе кейінірек қайта сыныпталуы мүмкін баптар:</i>			
БЖКӨК бойынша бағаланатын борышкерлік құралдарға жасалған әділ құнның таза өзгерістері		1,458,703	(3,356,678)
БЖКӨК бойынша бағаланатын қаржылық активтердің күтілген кредиттік шығындарындағы бағалаушы қорларының өзгеру шамасы		(49,654)	(343,567)
БЖКӨК бойынша бағаланатын борышкерлік құралдарды шығару нәтижесіндегі пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныпталған сома		(15,532)	(267,876)
<i>Пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныпталған немесе кейінірек қайта сыныпталуы мүмкін баптардың барлығы</i>		<i>1,393,517</i>	<i>(3,968,121)</i>
<i>Пайданың немесе шығынның құрамына кейінірек қайта сыныптала алмайтын баптар:</i>			
Жер учаскелері мен ғимараттарды қайта бағалау (кейінге қалған корпоративтік табыс салығын есепке алмағанда)		—	2,563,450
<i>Пайданың немесе шығынның құрамына кейінірек қайта сыныптала алмайтын баптардың барлығы:</i>		<i>—</i>	<i>2,563,450</i>
Жыл ішіндегі басқа да жиынтық (шығын)/кіріс		1,393,517	(1,404,671)
Жыл ішіндегі жиынтық кірістің барлығы		9,135,902	4,251,974
Жиынтық кірістердің барлығы, тиесілі:			
— Топтың акционерлеріне		9,135,902	4,251,974
— бақыланбайтын үлесімен қатысушыларға		—	—
Жыл ішіндегі жиынтық кірістердің барлығы		9,135,902	4,251,974
Жай акцияларға табыс:			
Жыл ішіндегі жай акцияларды ұстаушыларға тиесілі табысқа қатысты базалық, теңгеде	28	573.76	419.19
Жыл ішіндегі жай акцияларды ұстаушыларға тиесілі табысқа қатысты бытыраңқы, теңгеде	28	296.73	219.05

6-шы беттен 85-ші бетке дейін қосымшада берілген ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма төрайымы

Бас бухгалтер

5 сәуір 2024 жыл

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.



«НҰРБАНК» АҚ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНА ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңге	Ескерту	31 желтоқсан 2023 жыл	31 желтоқсан 2022 жыл
АКТИВТЕР			
Ақдалай қаражат пен олардың баламалары	13	81,624,646	43,804,414
Табыс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер		13,194	10,132
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борышкерлік бағалы қағаздар	14	36,251,092	36,937,055
Басқа да кірістердің жиынтығы арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер	15	64,807,712	104,046,854
Кредиттік мекемелердегі қаражаттар	16	4,490,919	3,685,369
Клиенттерге берілген кредиттер	17	245,125,367	242,159,857
Негізгі құралдар	18	9,536,384	9,660,443
Инвестициялық мүлік	19	9,441,741	11,565,769
Кейінге қалдырылған салықтық актив	12	1,098	784
Басқа да активтер	20	10,104,922	13,328,161
Активтердің барлығы		461,397,075	465,198,838
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Банктер мен басқа да қаржы ұйымдарының қаражаты	21	6,199,397	6,404,233
Клиенттердің қаражаты	22	339,695,948	338,589,029
Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар	23	10,374,125	25,351,013
Дәрежеленген борыш	24	31,481,787	30,538,659
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме	12	2,660,104	5,814,702
Жалдау бойынша міндеттемелер	25	945,947	764,275
Басқа да міндеттемелер	26	13,723,982	10,557,020
Міндеттемелердің барлығы		405,081,290	418,018,931
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	27	147,649,693	147,649,693
Жеке сатып алынған акциялар		(280,236)	(280,212)
Әділ құнның қоры		512,204	(881,313)
Жер учаскелері мен ғимараттарды қайта бағалау қоры		4,929,622	5,158,978
Жинақталған шығындар		(96,495,498)	(104,467,239)
Капиталдың барлығы		56,315,785	47,179,907
Міндеттер мен капиталдың барлығы		461,397,075	465,198,838


6-шы беттен 85-ші бетке дейін қосымшада берілген ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма төрайымы

Бас бухгалтер

5 сәуір 2024 жыл

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.



2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ АҚШАЛАЙ ҚАРЖЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңге	2023 ЖЫЛ	2022 ЖЫЛ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРЖЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Алынған пайыздық кірістер	50,567,552	40,340,349
Төленген пайыздық шығыстар	(26,404,861)	(20,690,137)
Алынған комиссиялық кірістер	13,494,325	14,388,714
Төленген комиссиялық шығыстар	(8,430,745)	(8,331,799)
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза іске асырылған кіріс	4,987,108	7,371,379
Басқа операциялық кірістерден түскен түсім	1,290,885	1,409,706
Қызметкерлерге төленген шығыстар	(8,152,259)	(7,088,009)
Төленген жалпы және әкімшілік шығыстар	(6,676,578)	(7,070,105)
Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгергенге дейін операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары	20,675,427	20,330,098
Операциялық активтердің (өсуі)/төмендеуі		
ТНӨҚ бойынша бағаланатын қаржылық активтер	1,372,908	4,311,151
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы құралдары	9,987	661,928
Кредиттік мекемелердегі қаражат	(907,692)	(285,872)
Клиенттерге берілген кредиттер	(16,619,104)	(39,423,009)
Басқа да активтер	4,402,065	(1,430,734)
Операциялық міндеттемелердің өсуі/(төмендеуі)		
Банктер мен басқа да қаржы ұйымдарының қаражаты	(181,026)	(4,664,534)
Клиенттердің қаражаты	1,814,967	(11,610,330)
Жалдау бойынша міндеттемелер	—	75,413
Басқа да міндеттемелер	(1,789,943)	2,020,111
Корпоративтік табыс салығын төлегенге дейін операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының таза (төмендеуі)/өсуі	8,777,589	(30,015,778)
Төленген корпоративтік табыс салығы	(4,050)	(149,226)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарын таза (пайдалану)/түсімі	8,773,539	(30,165,004)
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРЖЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
БЖҚӨҚ бойынша бағаланатын қаржылық активтерді сатып алу	(278,419,130)	(454,839,393)
БЖҚӨҚ бойынша бағаланатын қаржылық активтерді сату мен өтеуден түскен түсім	323,677,695	441,681,704
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(197,462)	(588,735)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттарын таза (пайдалану)/түсімі	45,061,103	(13,746,424)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРЖЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Борыштық бағалы қағаздарды өтеу (23-Ескерту)	(15,000,000)	—
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелердің негізгі сомасын төлеу	(611,021)	(583,719)
Меншікті акцияларды сатып алу (27-Ескерту)	(24)	—
Қаржылық қызметтен түскен ақшаалай қаржының таза пайдаланылуы	(15,611,045)	(583,719)
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза өсуі/ (төмендеуі)	38,223,597	(44,495,148)
Ақша қаражаттары мен баламаларының ішамасындағы валюталық бағамдардың өзгеруінің ықпалы	(404,372)	(449,418)
Ақша қаражаттары мен оның баламаларына ККШ қоры өзгеруінің әсері	1,007	(1,374)
Жыл басындағы ақшаалай қаражат пен олардың баламалары	43,804,414	88,750,354
Жыл аяғындағы ақшаалай қаражат пен олардың баламалары (13-Ескерту)	81,624,646	43,804,414

6-шы беттен 85-ші бетке дейін қосымшада берілген ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма төрайымы

Бас бухгалтер



Мусатаева Г.А.

Оспанова Г.А.

5 сәуір 2024 жыл

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«НҰРБАНК» АҚ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР
ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңге

	Ақционерлік капитал	Меншікті сатын алған акциялар	Өділ қоры	Жер учаскелері мен ғимараттардың қайта бағалану бойынша қор		Жинақталған шығындар	Барлығы
				2023 жылдың 1 қаңтарындағы қалдық	2023 жылдың 31 желтоқсанындағы қалдық		
2023 жылдың 1 қаңтарындағы қалдық	147,649,693	(280,212)	3,968,308	7,653,533	—	(110,180,889)	42,927,933
Жыл ішіндегі жиынтық кірістің барлығы	—	—	—	—	—	—	—
Жыл ішіндегі кіріс	—	—	—	—	—	—	—
Жыл ішіндегі басқа да жиынтық (шығыс)/ кіріс	—	—	(3,968,121)	2,563,450	—	5,656,645	5,656,645
Басқа жиынтық (шығыс/кіріс) кірісінің барлығы	—	—	(3,968,121)	2,563,450	—	—	(1,404,671)
Меншікті капиталдағы басқа өзгерістер	—	—	—	—	—	—	—
Амортизация мен шығару нәтижесіне қайта бағалаудан түскен мүлік құны сомасының өсімін көшіру	—	—	—	(57,005)	—	57,005	—
Меншікті капиталдағы басқа өзгерістердің барлығы	—	—	—	(57,005)	—	57,005	—
2022 жылдың 31 желтоқсанындағы қалдық	147,649,693	(280,212)	(381,313)	5,158,978	(104,467,239)	—	47,179,907
Жиынтық кірістің барлығы	—	—	—	—	—	—	—
Жыл ішіндегі кіріс	—	—	—	—	—	—	—
Жыл ішіндегі басқа да жиынтық кіріс	—	—	1,393,517	—	—	7,742,385	7,742,385
Басқа жиынтық кірісінің барлығы	—	—	1,393,517	—	—	—	1,393,517
Меншікті капиталдағы басқа да өзгерістер	—	—	—	—	—	—	—
Амортизация мен шығару нәтижесіне қайта бағалаудан түскен мүлік құны сомасының өсімін көшіру	—	—	—	(229,356)	—	229,356	—
Меншікті акцияларды сатып алу (27-Ескерту)	—	(24)	—	—	—	—	(24)
Меншікті капиталдағы басқа да өзгерістердің барлығы	—	(24)	—	(229,356)	—	229,356	(24)
2023 жылдың 31 желтоқсанындағы қалдық	147,649,693	(280,236)	512,204	4,929,622	(96,495,498)	—	56,315,785

6-шы беттен 85-ші бетке дейін қосымшада берілген ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма төрайымы

Бас бухгалтер

5 сәуір 2024 жыл

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Мұсағасова Г.А.

Болатова Г.А.



«НҰРБАНК» АҚ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Ұйымдық құрылым мен негізгі қызмет

Бұл шоғырландырылған қаржылық есептілік «Нұрбанк» АҚ (бұдан былай – «Банк») мен оның еншілес ұйымының (бұдан былай бірге – «Топ») қаржылық есептіліктерінен тұрады. Негізгі еншілес ұйымдары лизингтік, брокерлік компаниялар мен құнсызданған кредиттерді басқарушы Компаниясы болып табылады.

Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 1992 жылы құрылды. Қызметтің депозиттер тарту, клиенттердің шоттарын ашу мен жүргізу, кредиттер мен кепілдіктер беру, есеп-қасалық қызмет көрсету, бағалы қағаздармен мен шетел валютасында операциялар жүргізу сияқты негізгі түрлерімен айналысады.

Банк пен оның еншілес кәсіпорындарының қызметін Қазақстан Республикасының Қаржылық нарықты реттеу және дамыту агенттігі (бұдан былай – «Агенттік») реттейді. Банк өз қызметін 2020 жылдың 3 ақпанындағы №12.15/193 бас лицензиясы негізінде жүргізеді және Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қорының мүшесі болып табылады. Банк келесі мекенжайда тіркелген: Қазақстан Республикасы, А15Е2D3, Алматы қ., Абай даңғ., 10В.

2023 жылдың 31 желтоқсанындағы күй-жайы бойынша Банктің құрамына 17 филиал мен 96 есеп-қасалық бөлімше кіреді (2022 жылдың 31 желтоқсаны: 17 филиал мен 96 есеп-қасалық бөлімше). Банк активтері мен міндеттерінің басым бөлігі Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан.

Еншілес ұйымдар келесі үлгіде берілген:

Атауы	Қызмет жүргізілетін мемлекет	Негізгі қызмет түрі	Қатысу үлесі, %	
			31 желтоқсан 2023 жыл	31 желтоқсан 2022 жыл
«Нұр-Лизинг» Лизингтік Компаниясы» ЖШС	Қазақстан	Лизинг	100.00	100.00
«Money Experts» АҚ	Қазақстан	Брокерлік қызмет	100.00	100.00
«ҰБ кұмәнді активтерін басқару жөніндегі ұйым» ЖШС	Қазақстан	Банктің күйзелісті активтерін басқару	100.00	100.00

Акционерлер

2023 пен 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы күй-жайы бойынша келесі акционерлер Банктің шығарылған дауыс беретін акцияларының 5%-ын немесе одан көп пайызын иеленді:

Атауы	Қатысу үлесі, %	
	31 желтоқсан 2023 жыл	31 желтоқсан 2022 жыл
«J. P. Finance Group» ЖШС	87.87	87.87
«JA Collection Company» ЖШС	5.97	5.97
Өрқайсысы 5%-дан кемін иеленетін басқа да акционерлер	6.16	6.16
	100.00	100.00

2023 пен 2022 жылдардың 31 желтоқсанының күй-жайы бойынша Э.Р. Сарсенов мырза Банктің жай акциясының 87.87%-ның бенефициарлық иесі және Топтың соңғы бақылаушысы болып табылады.

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Қазақстан Республикасында қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Топ өз қызметін көбіне Қазақстан аумағында жүргізеді. Осы себептен Топ дамушы нарықтарға тән сипаттамалық ерекшеліктерде көрсетіледі. Қазақстан нарығындағы экономикалық және қаржылық тәуекелдерге ұрынады. Нормативтік құқықтық база мен салықтық заңнама жетілдіріліп келеді, бірақ жиі енгізілетін өзгерістер әртүрлі ұғым беруі мүмкін екенін жоққа шығармайды және жүйелер соған ұшырайды, бұл басқа құқықтық және фискалдық кемшіліктермен қосыла отырып, өз қызметін Қазақстанда жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін қосымша қиыншылықтар туындатады. Сонымен қатар, жақындағы қазақстандық теңгенің біршама құнсыздануы шаруашылық қызметтерін жүзеге асыру шарттарының белгісіздік деңгейінің көтерілуіне алып келді.

Беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттарының Топтың қызметінің нәтижелері мен қаржылық жағдайына ықпал ету мүмкіндігіне берілген басшылықтың бағалауын қамтиды. Қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттарын кейінгі дамыту сипаты басшылық берген бағадан өзгеше болуы мүмкін.

2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ӘЗІРЛЕУДІҢ ЕСЕПТЕРІ МЕН ҰСТАНЫМДАРЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

ҚЕХС сәйкестігі туралы мәлімдеме

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (бұдан былай – «ҚЕХС») сәйкес әзірленді.

Құнды анықтау базасы

Шоғырландырылған қаржылық есептілік, кезең ішіндегі пайданың немесе шығынның құрамында, әділ құны көрініс тапқан қолда бар сатуға арналған қаржылық активтердің және жер учаскелері мен ғимараттарға қайта бағалау қорында көрініс тапқан құрамында жер учаскелері мен ғимараттардың өзгерістері көрсетіледі, әділ құны бойынша бағаланған қаржылық құралдарды есепке алмағанда, нақты шығындар бойынша есеп жүргізу ұстанымдарына сәйкес әзірленді.

Функционалды валюта мен есептілікте берілген валюта

Қазақстандық теңге Топтың функционалды валютасы болып табылады, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Топ жүргізетін көптеген операциялардың және Топтың қызметіне әсер ететін шарттарда онымен байланысқан жағдайлардың мәнін ең жақсы экономикалық тәсілмен қамтиды.

Қазақстандық теңге осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі мәліметтер беруде де валюта болып табылады. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі барлық мәліметтер асқан дәлдікпен бүтін мың теңгеге дейін дөңгелендірілген.

Есептік бағалары мен кәсіптік пайымдауларды пайдалану

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ҚЕХС сәйкес әзірлеуде басшылықтың кәсіптік пайымдауды, есептік саясат ережелерінің қалай қолданылуына және активтер, міндеттер, кірістер мен шығыстардың қандай сомаларға көрсетілуіне ықпал ететін жорамалдар мен есептік бағалардың қолдануын талап етеді. Нақты нәтижелер осы бағалаудан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалау мен соның негізінде жасалатын жорамалдар жүйелі түрде қайта қарастырылып отырады. Бағалауға енгізілген түзетулер сәйкесті бағалау қай есептік кезеңде қайта қарастырылған және кез келген келесі кезеңдердің қайсысына қатысты қолданды сол кезеңдерде мойындалады.

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСANYНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ӘЗІРЛЕУДІҢ ЕСЕПТЕРІ МЕН ҰСТАНЫМДАРЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Есептік бағалары мен кәсіптік пайымдауларды пайдалану (жалғасы)

Қаржылық құралдардың әділ құны

Егер қаржылық активтер мен қаржылық міндеттердің қаржылық жағдай туралы шоғырланған есепте көрсетілген әділ құны белсенді нарықтағы бағалар негізінде анықтау мүмкін болмаған жағдайда, оны анықтауда құрамына математикалық моделдер кіретін бағалаудың әртүрлі моделдері қолданылады. Мұндай моделдердің бастапқы мәліметтері егер мұндай мүмкін болса, бақылауға алынған нарықтың негізінде анықталады; әйтпегенде, әділ құнды анықтау үшін, маңызды пайымдауларды қолдану қажет болады.

Кепілзаттық қамтаманы бағалау

Топ басшылығы жүйелі түрде кепілзаттық қамтамаға мониторингі жүргізеді. Топ басшылығы бағалауда нарықтағы ағымдағы жағдайды ескере отырып, кепілзаттық қамтаманың құнын түзету үшін ішкі көзқарастарды немесе халықаралық талаптарға негізделген көзқарастарды пайдаланады.

Күтілген кредиттік шығындар (ККШ)

Шығындарды қаржылық активтердің барлық санаттары бойынша бағалауда пайымдауларды қолдану талап етіледі, атап айтқанда, ККШ анықтаған және кредиттік тәуекелдердің кәдімгідей өсуіне баға берген кезде, келешектегі ақша ағымдарының туындау шамасы мен мерзімін, құны мен қамтамасын бағалау қажет. Мұндай есептік бағалау бірқатар деректерге тәуелді, оған өзгерістер жасау құнсыздануға қатысты бағалаушы қорлардың әртүрлі сомаларына әкелуі мүмкін. Топтың ККШ есептемесі бастапқы мәліметтер мен олардың өзара тәуелділігін таңдаудағы өзгермелікке қатыстылығы бар бір қатар базалық болжамдар кіретін күрделі моделдердің нәтижесі болып табылады. Пайымдау мен есептік бағалау болып есептелетін ККШ есебі моделінің элементтеріне кіреді:

- дефолт ықтималдығын анықтау үшін Топ қолданатын ішкі кредиттік рейтингті тағайындау жүйесі (PD);
- кредиттік тәуекелдер мен оның кәдімгідей өсуі орын алуын бағалауда Топ қолданатын өлшемдер, соның нәтижесінде қаржылық активтер бойынша құнсыздануды бағалаушы қор бүкіл мерзім мен сапалы бағалауға тең келетін ККШ сомасында бағалануы тиіс;
- ККШ топтық негізде бағаланған кезде, қаржылық активтерді топтарға біріктіру;
- әртүрлі формулалар мен бастапқы мәліметтерді таңдауды қосқанда, ККШ есебінің моделдерін әзірлеу;
- макроэкономикалық сценарийлер мен экономикалық мәліметтер арасындағы өзара байланысты анықтау, мысалы, жұмыссыздық деңгейі мен қамтама құнын, сондай-ақ дефолт ықтималдығы көрсеткішіне ықпалы (PD), дефолтқа ұшырау тәуекелінің шамасы (EAD) мен дефолт кезіндегі шығын деңгейі (LGD);
- болжамдық макроэкономикалық сценарийлерді таңдау мен ККШ бағалау моделіне арналған экономикалық бастапқы мәліметтерді алу ықтималдығын есепке ала отырып, оларды салмақтау.

Бұдан былай аталатын Ескертулер есептік саясаттың шарттарын қолданған кездегі, маңызды анықталмаған бағалар мен сыни уәждеделген пайымдауға қатысты ақпаратты береді:

- корпоративтік табыс салығы бойынша шығын – 12-Ескерту;
- ККШ бағалау – 5-Ескерту;
- жер учаскелері мен ғимараттарды және инвестициялық жыжымайтын мүліктерді қайта бағалау – 18 және 19-Ескертулер ;
- қаржылық активтер мен міндеттердің әділ құны – 34-Ескерту.

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ӘЗІРЛЕУДІҢ ЕСЕПТЕРІ МЕН ҰСТАНЫМДАРЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсініктемелерге нақтылаулар мен түзетулер

Топ бірінші рет Банк 2023 жылдың 1 қаңтары немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін стандартқа жасалған түзетулерді де қолданды. Топ шығарылған, бірақ күшіне енгенген қандайда бір басқа стандарттарды, түсініктемелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданысқа алмады.

ҚЕХС (IFRS) 17 Сақтандыру келісімшарттары

ҚЕХС (IFRS) 17 «Сақтандыру келісімшарттары» (IFRS 17) – мойындау мен бағалауды, ақпаратты беру мен ашып көрсетуді қамтитын сақтандыру келісімшарттары үшін бухгалтерлік есептің көшенді жаңа стандарты болып табылады. ҚЕХС (IFRS) 17 стандарты ҚЕХС (IFRS) 4 «Сақтандыру келісімшарттары» (IFRS 4) стандартын алмастырады. ҚЕХС (IFRS) 17 оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан, сақтандыру келісімшарттарының барлық түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан ерекшеленетін сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу функциялары бар белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады. Қолдану саласынан бірнеше ерекшеліктер бар.

ҚЕХС (IFRS) 17-нің негізгі мақсаты сақтандырушылар үшін пайдалы және бірізділікті болатын, бухгалтерлік есептің барлық тиісті аспектілерін қамтитын сақтандыру келісімшарттарының көшенді үлгісін қамтамасыз ету болып табылады. Келесілермен толықтырылған жалпы үлгі ҚЕХС (IFRS) 17-де негізі болып табылады:

- Тікелей қатысу шарттары бар сақтандыру келісімшарттарына белгілі бір модификациялар (айнымалы сыйақы әдісі);
- Негізінен қысқа мерзімді келісімшарттар үшін жеңілдетілген тәсіл (сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсіл).

Бұл стандарт Топқа қолданылмайды.

БЕХС (IAS) 8-ге түзетулер – «Бухгалтерлік бағалауларды анықтау»

БЕХС (IAS) 8-ге түзетулер бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер мен есептік саясаттағы өзгерістер және қателерді түзету арасындағы айырмашылықты түсіндіреді. Олар сондай-ақ ұйымдардың бухгалтерлік бағалауды әзірлеу үшін өлшем әдістері мен бастапқы деректерді қалай қолданатынын түсіндіреді. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер еткен жоқ.

БЕХС (IAS) 1-ге және ҚЕХС-ті қолдану бойынша №2 практикалық ұсыныстарға түзетулер – «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсету»

БЕХС (IAS) 1 мен ҚЕХС (IFRS) 2-ге түзетулер «Маңыздылық туралы пайымдауларды жасау бойынша практикалық мәлімдеме» ұйымдарға есептік саясаттағы ақпаратты ашып көрсетуде маңыздылық туралы пайымдауларды қолдануға көмектесетін ұсыныстар мен мысалдарды келтіреді. Түзетулер ұйымдардың есептік саясаттың «маңызды ережелерін» ашу туралы талабын есептік саясат туралы «маңызды ақпаратты» ашу туралы талабымен ауыстыру арқылы, сондай-ақ есептік саясат туралы ақпаратты ашу жөнінде шешімдер қабылдау кезінде ұйымдардың маңыздылық ұғымын қалай қолдануы керектігі туралы нұсқауларды қосу арқылы ұйымдарға есептік саясат туралы пайдалы ақпаратты ашуға көмектесуі тиіс.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер еткен жоқ.

2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ӘЗІРЛЕУДІҢ ЕСЕПТЕРІ МЕН ҰСТАНЫМДАРЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсініктемелерге нақтылаулар мен түзетулер (жалғасы)

БЕХС (IAS) 12-ге түзетулер – «Бір операция нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге қатысты кейінге қалдырылған салық»

БЕХС (IAS) 12-ге түзетулер «Пайда салықтары» бастапқы мойындауға қатысты ерекшелікті пайдалану аясын тарылтады, осылайша ол жалдау немесе пайдаланудан шығару міндеттемелері сияқты бірдей салық салынатын және шегерілетін уақытша айырмашылықтарды тудыратын операцияларға қолданылмайды.

Түзетулер ерте берілген салыстырмалы кезеңнің басында немесе сол күннен кейін орын алатын операцияларға қолданылуы тиіс. Сонымен қатар, ерте берілген салыстырмалы кезеңнің басында кейінге қалдырылған салық активі (жеткілікті салық салынатын пайда болған жағдайда) және жалдау мен пайдаланудан шығару міндеттемелерімен байланысты барлық шегерілетін және салық салынатын уақытша айырмашылықтарға қатысты кейінге қалдырылған салық міндеттемесі де танылуы тиіс.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Осы шоғырланған қаржылық есептілікте берілген есептік саясаттың бұдан былай сипатталған ережелерін, 2-Ескертуде көрсетілген есептік саясаттың өзгерістеріне қатысты белгілі бір ерекшеліктерді қоспағанда, Топ бұдан кейінгі барлық есептік кезеңдерде қолданды.

Шоғырландыру ұстанымдары

Еншілес ұйымдар

Топ бақылайтын ұйым еншілес болып табылады. Топ инвестициялық нысанға қатысуға байланысты немесе мұндай кіріс алуға құқығы пайда болудан тұрақсыз кірістер тәуекелдеріне ұрынуы мүмкін болған кезде Топ еншілес ұйымдарына бақылау жүргізеді және осы кірістің шамасына ықпал ету мақсатында осы Кәсіпорындарға қатысты өзінің өкілеттігін қолдануына мүмкіндігі бар. Атап айтқанда, Топ өзі де-факто бақылау жүргізетін нысандардың инвестицияларын шоғырландырады. Еншілес ұйымдардың қаржылық есептіліктерінің көрсеткіштері бақылау алынған күннен бастап ол тоқтатылған күнге дейінгі шоғырландырылған қаржылық есептіліктің құрамынан көрсетіледі.

Бақыламайтын акционерлердің үлестерін сатып алу мен сату

Топ шоғырландырылған қаржылық есептілікте акционерлермен жасалған операциялар ретінде бақыламайтын акционерлердің үлестерін сатып алу мен шығару істерін қамтиды. Соған қарай бақыламайтын акционерлердің үлестері түзетілген күн мен төленген немесе өтеу ретінде алынған әділ құн арасындағы қандай да бір айырмашылық тікелей капитал құрамынан орын алады және Бас Банк меншік иесі ретінде саналады.

Шоғырландыру кезінде алынатын тасталатын операциялар

Топтың қатысушылары арасындағы операциялар, осындай операциялардың берешек қалдықтары, сондай-ақ аталған операцияларды жасау үдерісінде туындайтын іске аспаған пайда шоғырландырылған қаржылық есептілік әзірлеу үдерісі кезінде алынып тасталады. Бірлескен ұйымдармен жасалған операциялар кезінде жүзеге аспаған пайда шоғырландырылған қаржылық есептіліктен Топтың сол ұйымдардағы үлесіне тең көлемде шығарылады. Бірлескен ұйымдармен жасалған операциялар кезінде жүзеге аспаған пайда шоғырландырылған қаржылық есептіліктен сол ұйымдардың инвестициялық шоты көрсетілген корреспонденциялардан шығарылады. Құнсыздану белгілерінің пайда болуы жағдайын есепке алмағанда, жүзеге аспаған шығындар шоғырландырылған қаржылық есептіліктен пайда шығарылған үлгіде шығарылады.

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Шоғырландыру ұстанымдары (жалғасы)

Бақыламайтын акционерлердің үлесі

Бақыламайтын акционерлердің үлесі Топқа тікелей немесе тікелей емес сипатта тиесілі болмайтын еншілес ұйымдағы капитал түрінде беріледі.

Бақыламайтын акционерлердің үлесі шоғырландырылған қаржылық есептілікте Топтың акционерлеріне тиесілі капиталдан бөлек капитал құрамында көрсетіледі. Бақыламайтын акционерлердің пайданың немесе шығынның құрамындағы және жалпы жиынтық кірістегі үлесі шоғырландырылған есептің пайда немесе шығын және басқа да жиынтық кіріс туралы жеке баптарда көрсетіледі.

Шетелдік валюта

Шетел валютасындағы операциялар Топтың сәйкесті функционалды валютасына операциялар жасалған күні әрекет еткен валюталық бағам бойынша аударылады.

Есеп берілген күндегі жай-күй бойынша шетел валютасында қамтылған монетарлық активтер мен міндеттер есеп күні әрекет еткен валюталық бағам бойынша функционалды валютаға аударылады. Монетарлық активтермен және міндеттермен жасалған операцияларда, шетел валютасында көрініс тапқан табыс немесе шығын кезеңнің басындағы жай-күй бойынша функционалды валютадағы, кезең ішіндегі тиімді мөлшерлеме бойынша есептелген сыйақы мен төлем шамасына қарай түзетілген амортизацияланған құн мен есептік кезеңнің аяғындағы жай-күй бойынша, валюталық бағамда функционалды валютаға аударылған шетел валютасында амортизацияланған құн арасындағы айырмашылық түрінде беріледі.

Шетел валютасында қамтылған, әділ құн бойынша бағаланатын монетарлық емес активтер мен міндеттер әділ құн анықталған күні әрекет еткен валюталық бағам бойынша функционалды валютаға аударылады. Шетел валютасында қамтылған және нақты шығындар бойынша көрініс тапқан монетарлық емес активтер мен міндеттер операция жасалған күні әрекет еткен валюталық бағам бойынша функционалды валютаға аударылады.

Айырмашылық құнсыздану себебінен туындаған жағдайларды есепке алмағанда, сатуға арналған шетел валютасына аудару нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмашылықтар пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі, мұндай жағдайда, басқа жиынтық кірістердің құрамында көрініс тапқан бағамдық айырмашылық пайданың немесе шығынның құрамына; хеджирлеу тиімді болған жағдайда шетелдік операцияларға таза инвестициялар ретінде хеджирленген қаржылық міндеттер; немесе басқа жиынтық кірістердің құрамында көрініс тапқан хеджирлеу тиімді болған жағдайда, ақша қаражаттарының ағымдарын хеджирлеу операцияларының талаптарына сәйкес қайтадан сыныпталады. Қазақстандық қор биржасы (бұдан былай – «ҚКБ») белгілеген және аталған қаржы есептілікте пайдаланылған айырбас бағамы төменде көрсетіледі:

	31 желтоқсан 2023 жыл	31 желтоқсан 2022 жыл
Жыл соңындағы ақша айырбастау бағамы		
Теңге/1 АҚШ доллары	454.56	462.65
Теңге/1 еуро	502.24	492.86
Теңге/1 рубль	5.06	6.43

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық активтер мен міндеттемелер

Бастапқы мойындау

Мойындайған күн

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді стандартты шарттарда сатып алу немесе сату мәмілелер жасалған күні, яғни Топ активтерді немесе міндеттерді сатып алу міндеттерін өзіне алған күні көрсетіледі. Стандартты шарттарда сатып алуға немесе сатуға қаржылық активтер мен міндеттемелерді келісімшарт шеңберінде сатып алу немесе сату жатқызылады, келісімшарттың шарттарында аясында ережелерде белгіленген немесе нарықта қабылданған келісімдерде қабылданған мерзімдер активтер мен міндеттемелерді жеткізу талап етіледі.

Бастапқы бағалау

Бастапқы мойындау кезінде қаржылық құралдарды сыныптау келісілген шарттар мен басқару құралдары үшін қолданылатын бизнес-модельдерге байланысты болады. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланған жағдайларды қоспағанда, қаржылық құралдар, мәміле бойынша шығындарды қосқанда алдымен әділ құн бойынша бағаланады.

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді бағалау санаттары

Топ өзінің барлық қаржылық активтерін, активтерді басқаруда қолданылатын бизнес-модельдер мен активтерді бағалаудың келісілген төмендегі шарттары негізінде сыныптайды:

- амортизацияланған құн;
- басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құн (БЖКӨК);
- табыс немесе шығындар арқылы әділ құн (ТШӨК).

Топ туынды құралдар мен саудаға арналған құралдарды ТШӨК бойынша сыныптайды және бағалайды. Топ өз қалауымен қаржылық құралдарды ТШӨК бойынша бағаланушы ретінде сыныптауы мүмкін, егер мұндай сыныптау бағалау немесе мойындау ұстанымдары қолданудағы жүйесіздікті жоюға немесе кәдімгідей азайтуға мүмкіндік беретін болса.

Қарыздар мен қаржылық кепілдіктер беру жөніндегі міндеттерді қоспағанда, қаржылық міндеттер амортизацияланған құн немесе ТШӨК бойынша бағаланады, егер олар саудаға арналған және/немесе туынды құралдар болып табылса немесе Топтың қалауымен әділ құн бойынша бағаланушы ретінде сыныпталса.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын кредиттік мекемелердегі қаражаттар, клиенттердің кредиттері, инвестициялық бағалы қағаздар

Топ келесі екі шарттың екеуі де орындалған жағдайларда ғана кредиттік мекемелердегі қаражаттарды, клиенттердің кредиттері мен басқа да қаржылық инвестицияларды амортизацияланған құн бойынша бағалайды:

- келісімшартта қарастырылған ақша ағымдарын алу үшін қаржылық активтерді ұстау мақсаты болып табылатын бизнес-модельдер шеңберінде қаржылық активтер ұсталады;
- қаржылық активтердің келісілген шарттары, қарыздың негізгі сомасы мен қарыздың негізгі сомасының (SPPI) жабылмаған бөлігі пайыздар шотына ғана жасалатын төлемде болып табылатын ақша ағымдарының көрсетілген күн алуды шарт етіп қояды.

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді бағалау санаттары (жалғасы)

Бұл шарттар төменде толығырақ қарастырылады.

Бизнес-модельін бағалау

Топ бизнес-модельін белгілі бір мақсатқа жету үшін топтарға бірлескен қаржылық активтерді басқару қандай деңгейді жүргізіліп жатқанын дәл көрсететін деңгейдегі бизнес-модельін анықтайды.

Топтың бизнес-модельі жекелеген құралдардың деңгейінде емес, қоржындарды біріктіру мен бақыланатын төмендегідей деректерге сүйенген жоғарырақ деңгейде бағаланады:

- бизнес-модельінің нәтижелілігі мен осы бизнес-модельінің шеңберінде ұсталатын қаржылық активтердің кірістілігі қалай бағаланады және мұндай ақпарат ұйымның басқарушы қызметкерлеріне хабарланады;
- бизнес-модельінің нәтижелілігіне (осы бизнес-модельінің шеңберінде ұсталатын қаржылық активтердің кірістілігіне) ықпал ететін тәуекелдер, атап айтқанда, осы тәуекелдерді басқару тәсілі;
- бизнесті басқаратын менеджерлер қалай марапатталады (мысалы, сыйақы активтерді басқаратын әділ құннан, әлде қарастырылған келісімшартта ақша ағымдарынан алынған ақшаға ма);
- Топтың бизнес-модельін бағалауда сатылымның күтілген жиілігі, көлемі мен мерзімдері де маңызды аспекті болып табылады.

Бизнес-модельін бағалау туындауына күмән болмайтын «ең нашар» немесе «стрессті» сценарийлері есепке алынбаған негіздерге сүйенеді». Егер ақша ағымдары бастапқы мойындаудан кейін Топ күткеннен басқа тәсілмен жүзеге асырылған болса, онда Топ осы бизнес-модельінің шеңберінде ұсталатын қалған қаржылық активтердің сыныптауын өзгертпейді, бұдан ары қарай ол мұндай ақпаратты жақында жасалған немесе жақында сатып алынған қаржылық активтерді бағалау кезінде назарға алатын болады.

«Қарыздың негізгі сомасы мен қарыздың негізгі сомасының жабылмаған бөлігіне есептелген пайыздар есебіне ғана жасалатын төлемдер (SPPI тесті)»

Сыныптау үдерісінің екінші кезеңі шеңберінде Топ келісімшартта қарастырылған актив бойынша ақша ағымдарының қарыздың негізгі сомасы мен қарыздың негізгі сомасының (яғни SPPI тест жүргізеді) жабылмаған бөлігі пайыздар шотына ғана төленеді.

Осы тесттің мақсатындағы «қарыздың негізгі сомасы» бастапқы мойындау кезіндегі қаржылық активтердің әділ құны ретінде беріледі және ол осы қаржылық активтер әрекет ететін мерзім барысында өзгеруі мүмкін (мысалы, егер қарыздың негізгі сомасы немесе сыйлықақы /дисконттың амортизациясын өтеу шотына төлем жасалса).

«Қарыздың негізгі сомасы мен қарыздың негізгі сомасының жабылмаған бөлігіне есептелген пайыздар есебіне ғана жасалатын төлемдер (SPPI тесті)» (жалғасы)

Әдеттегі ақшаның уақытша құны үшін өтем мен кредиттік тәуекел үшін өтем кредиттік келісімшарт шеңберіндегі пайыздардың ең маңызды элементтері болып табылады. SPPI тестін жүргізу үшін Топ орынды деректерге, мысалы, қаржылық активтер қандай валютада берілгеніне және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезең туралы пайым жасалады және талданады.

Тәуекелдерге немесе келісімшартта қарастырылған, базалық кредиттік келісімдермен байланысы жоқ ақша ағымдарының құбылуына байқауға мүмкін емес өте төмен ықпал ететін келісілген шарттар бір мезгілде келісімшартта қарастырылған, қарыздың негізгі сомасының және қарыздың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздар шотына ғана жасалатын төлемдер болып табылатын ақша ағымдарының туындауына жол ашпайды. Мұндай жағдайларда, қаржылық активтерді ТШӘҚ бойынша бағалау қажет.

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді бағалау санаттары (жалғасы)

БЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар

Топ келесі екі шарттың екеуі де орындалған жағдайларда ғана БЖКӨҚ бойынша борыштық құралдарды бағалайды:

- келісімшартта қарастырылған ақша ағымдарын алу үшін қаржылық активтерді сату арқылы да жетуге болатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады;
- қаржылық активтердің келісілген шарттары SPPI тестінің өлшемдерін ұстанады.

БЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар кейінірек әділ құн бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығындар, БЖК құрамында мойындалады. Пайыздық түсім мен валюталық бағамдардың өзгеруінен келетін пайда немесе шығындар амортизацияланған құн бойынша бағаланған қаржылық активтер мойындалғаны секілді үлгіде пайда немесе шығынның құрамында мойындалады. Мойындау тоқтатылғанда, ертерек БЖК құрамында танылған, жинақталған табыс немесе шығын, БЖК құрамынан шығып, пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныпталады.

БЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдардың ККШ әділ құн бойынша бұл қаржылық бағалануы жалғаса беретін активтердің қаржылық жағдайы туралы есептегі баланстық құнын түсірмейді. Күтілген шығындардың бағалау қорына тең келетін, активті амортизацияланған құн бойынша бағалау кезінде жасалған осы сома орнына жинақталған соманың құнсыздану ретінде басқа да жинақталған кіріс құрамында танылады, пайданың немесе шығынның құрамындағы сәйкесті сомалармен бірге мойындалады. БЖК құрамында танылған шығындардың жинақталған сомасы, активтерді мойындау кезінде тоқтатылған пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныпталады.

БЖКӨҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар

Кей кезде Топ үлестік құралдарға жасалған кейбір инвестицияларды бастапқы мойындау кезінде, кейін күшін жою құқығын берместен, оларды БЖКӨҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар ретінде сыныптау туралы шешім қабылдайды, егер олар БЕХС (IAS) 32 «Қаржылық құралдар: берілуі» сәйкес үлестік құралдардың анықтамасына сай келетін болса және саудаға арналмаған болса. Мұндай сыныптау туралы шешім әр құралға жеке-жеке қабылданады.

Мұндай үлестік құралдардың пайдалары немесе шығындары пайданың немесе шығынның құрамына ешқашан қайта сыныпталмайды. Дивидендтері басқа кіріс ретінде пайданың немесе шығынның құрамында мойындалады, алайда дивидендтер алу құқығы белгіленіп қойған, бұған Топ мұндай құралдардың бастапқы құнына қатысты өтеме ретінде мұндай түсімдерден пайда көрген жағдайлары кірмейді. Мұндай жағдайдағы табыс БЖК құрамында танылады. БЖКӨҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар құнсыздануға қатысты бағалаудан өткізілмейді. Мұндай құралдарды есептен шығарғанда, қайта бағалауда жиналған қор белгіленбеген пайданың құрамына аударылады.

Кредиттер беруге қатысты қаржылық кепілдіктер, аккредитивтер мен міндеттемелер

Топ қарыздар беруге қатысты қаржылық кепілдіктер, аккредитивтер мен міндеттемелер шығарады.

Қаржылық кепілдіктер алдымен алынған сыйлықақы сомасында, әділ құны бойынша жасалған қаржылық есептілікте мойындалады. Бастапқы мойындаудан кейін Топ әрбір кепілдікке қатысты өз міндеттерін пайданың немесе шығын туралы шоғырланған есепте танылған жинақталған амортизацияны есепке алмағанда, бастапқы мойындалған соманың ең жоғарғы шамасы деңгейімен – БЕХС (IAS) 37 – қаржылық міндеттерді реттеуге қажетті, кепілдіктер нәтижесінде туындайтын шығынды бағалаудың ең жақсы есептемесіне сәйкес немесе – ҚЕХС (IFRS) 9 – ККШ бағалаушы қорға сәйкес бағалайды.

Кредиттер мен аккредитивтер беру жөніндегі міндеттер келісілген міндеттер болып табылады, соның шарттары бойынша міндеттер әрекет ететін мерзімі ішінде Топ ертерек келісілген шарттарда клиентке кредит беруге міндетті.

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді бағалау санаттары (жалғасы)

Кредиттер беруге қатысты қаржылық кепілдіктер, аккредитивтер мен міндеттемелер (жалғасы)

Топ кей кезде нарықтан төменгі пайыздық мөлшерлемеде кредиттер беру туралы міндеттер шығарады. Мұндай міндеттер алдымен әділ құн бойынша мойындалады және мойындалған кірістің жинақталған сомасын есепке алмағанда, алдымен мойындалған сомасында, кейінірек ККШ сәйкес бағалаушы қор сомасының ең жоғарғы шамасында бағаланады.

Орындау кепілдіктері

Орындау кепілдіктері – егер басқа тарап келісімшартта қарастырылған міндеттерін орындамайтын болса, өтемақы ұсынатын келісімшарттар. Орындау кепілдіктері кредиттік тәуекелдерге өткізілмейді. Орындау кепілдігі енгізілген келісімшарт бойынша тәуекел екінші тараптың келісімшартта қарастырылған міндеттерін орындамауы мүмкін екенін қарайды. Сәйкесінше, орындау кепілдіктері қаржылық құралдар қатарына кірмейді.

Ақшалай қаражат пен олардың баламалары

Ақшалай қаражат пен олардың баламаларының құрамына қолма-қол ақшалай қаражаттары, ҚРҰБ қаражаттары мен кредиттік мекемелердегі туындаған күннен бастап тоқсан күн ішінде өтелуі тиіс мерзімі көрсетілген, қандай да бір келісілген міндеттермен ауыртпалықтар салынбаған қаражаттар кіреді. Ақшалай қаражат пен олардың баламалары амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

Репо мен кері репо келісімшарттары

Бағалы қағаздарды сату мен кері сатып алу келісімшарттары (репо келісімшарттары) қаржыландыру операциялар қамтамалары ретінде қаржылық есептілікте көрсетіледі. Репо келісімшарттары бойынша сатылған бағалы қағаздар шоғырланған есепте көрсетілуін жалғастыра береді және контрагентте өзара шарттың немесе жалпы қабылданған тәжірибенің шарттарынан туындаған бағалы қағаздарды сату немесе қайтара кепілге қою құқығы болған жағдайда, репо келісімшарттары бойынша кепіл заты ретінде берілген бағалы қағаздар санатына аударылады. Сәйкесті міндеттер кредиттік ұйымдардың немесе клиенттердің қаражаттарының құрамына енгізіледі. Кері сату келісімшарттары бойынша бағалы қағаздарды сатып алу (кері репо) жағдайға қарай ақша қаражаттары мен олардың баламалары, кредиттік ұйымдардағы немесе клиенттердің кредиттер қаражаттары құрамында қамтылады. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырмашылық пайыздар ретінде қарастырылады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша репо келісімшарттары әрекет еткен мерзім ішінде есептеледі.

Туынды қаржылық құралдар

Топ өзінің әдеттегі қызметі барысында валюталық нарықтар мен капитал нарықтарында әртүрлі туынды қаржылық құралдарды (қысқа мерзімді своптарды қосқанда) қолданады. Бұл қаржылық құралдар саудаға айналады және алдымен әділ құн бойынша көрсетіледі. Әділ құн базалық құралдар мен басқа да деректерге сәйкес келетін ағымдағы нарықтық және келісілген құнның негізінде анықталады. Оң әділ құндағы туынды қаржылық құралдар активтердің құрамында, ал теріс әділ құнмен – міндеттердің құрамында көрсетіледі. Көрсетілген құралдармен жасалған операциялар бойынша пайдалар мен шығындар туынды қаржылық құралдармен жасалған операциялар бойынша таза кірістер/(шығындар) құрамындағы пайда немесе шығын туралы есепте көрсетіледі.

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді бағалау саясаттары (жалғасы)

Қарыз қаражаттары

Егер келісілген келісімдер нәтижесінде Топ ақшалай қаражатты немесе басқа қаржылық активтерді жеткізуге, әлде міндеттерді ақша қаражаттарының немесе басқа қаржылық активтердің тіркелген сомаларын өзіндік үлестік құралдардың тіркелген санына алмастырғаннан басқаша тәсілмен орындауға міндетті болса, онда шығарылған қаржылық құралдар немесе оның құрамдастары міндеттер сияқты сыныпталады. Мұндай құралдардың құрамына ҚРҰБ мен Үкімет алдындағы берешек, Кредиттік ұйымдардың қаражаты, Клиенттердің қаражаты, шығарылған Борышкерлік бағалы қағаздар кіреді. Бастапқы мойындаудан кейін қарыз қаражаттары тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Кірістер мен шығыстар міндеттерді мойындау тоқтатылғанда, сондай-ақ амортизация үдерісіндегі пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі.

Қаржылық активтерді өзара есепке алу

Өзара есепке алуды жүргізу мен бір мезгілде міндеттерді реттей отырып, активті сату ниетіне қатысты заңды түрде бекітілген құқығы болғанда ғана, қаржылық активтер мен міндеттерді өзара есепке алу ісі қаржылық жағдай туралы есепте таза сальдоны ғана көрсете отырып, жүргізіледі.

Есепке алу ісін жүргізу құқығы келешектегі оқиғаға қатысты болмауы тиіс және келесі жағдайлардың барлығында заңдық күшін сақтауы тиіс:

- әдеттегі қызмет барысында;
- міндеттер орындалмаған жағдайда;
- ұйымның немесе контрагенттерінің бірі қабілетсіз немесе банкрот жағдайда.

Әдетте, бұл шарттар, өзара есепке алысу туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және сәйкесті активтер мен міндеттер қаржылық жағдайы туралы шоғырланған есепте толық сомасында көрсетіледі.

Кредиттерді қайта құрылымдау

Топ қарыз алушының қаржылық жағдайына қарай уақытша қаржылық қиындыққа тап болған қарыз алушыларға жеке-жеке жол табуға тырысады. Клиент кредитті мойындауды тоқтатуға тиіс екендігіне бағалау кезінде Топ басқалармен қатар келесі деректерді де қарастыруға тиіс:

- кредит валютасын өзгерту;
- контрагентті өзгерту;
- түрленуі бұдан былай құралдың SPPI тестінің өлшемдеріне жауап бермейтіндей деңгейге жеткізе ме.

Егер түрленім ақша ағымдарының өзгерістеріне алып келмейтін болса, түрленімді мойындауды тоқтатпайды. Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағымдарының өзгерістеріне сүйене отырып, құнсызданудан келген шығын ретінде танылғанға дейін пайда немесе шығын туралы шоғырланған есептегі түрленімнен келген шығындарды есепке алмағанда, Топ модификациядан келген табыс немесе шығынды мойындайды.

Мойындаудың тоқтауына алып келмейтін модификация жағдайында, Топ сондай-ақ кредиттік тәуекелдер кәдімгідей өсуінің болғанын немесе активтерді кредиттік-құнсызданған ретінде сыныптау қажеттігін қайтадан бағалайды. Активтерді модификация нәтижесінде кредиттік-құнсызданған ретінде сыныптағаннан кейін, ол тұрақтандыру кезеңі аяқталғанға дейін 3-Кезең құрамында қалады. Тұрақтандыру кезеңі – Топ қарыз алушыға, қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты қайта құрылымдау берілгеннен кейін қарыз алушының кредиттік пәнін қадағалайтын кезең. Қайта құрылымдалған қарызды 3-Кезеңнен аудару үшін еріксіз қайта құрылымдау берілген күннен бастап, оның барысында қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауы байқалмайтын және кемінде 12 (он екі) үздіксіз айды құрайтын кезең қажет.

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

Құнсыздануды бағалау

Топ тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе соған жақын мәнді қолдана отырып дисконтталатын күтілген, алынып бітпеген ақша қаражаттарын бағалау үшін ықтималдықты есепке ала отырып таразыланған бірнеше сценарийлер негізінде ККШ есептейді. Ақша қаражаттарын толық алмау – бұл келісімшартқа сәйкес ұйым алуы тиіс ақша ағымдары мен ұйым алуды күтіп отырған ақша ағымдары арасындағы айырмашылық.

ККШ есептеу механикасы төменде сипатталған, оның негізгі элементтері төмендегідей болып келеді:

Дефолттың ықтималдығы (PD)	Дефолттың ықтималдығы белгіленген уақыт кезеңі барысындағы дефолттың орын алу ықтималдығын бағалау түрінде беріледі. Дефолт қарастырылған кезең ішінде белгілі бір уақыт сәтінде ғана орын алуы мүмкін, егер активті мойындау тоқтатылмаған болса, онда ол бұрынғысынша қоржынның бөлігі болып табылады.
Дефолт тәуекеліне ұрынған шама (EAD)	Дефолт тәуекеліне ұрынған шама, келісімшартта немесе басқаша қарастырылған, берілген қарыздар мен пайыздар өтеу күтілген, төлемдерді кешіктіру нәтижесінде есептелген қарыздың негізгі сомалары мен пайыздарының төлемдерін қосқанда, есеп күнінен кейін осы шаманың күтілген өзгерістерін есепке алғандағы, келешекте қандай да бір күні дефолтқа ұрынған шамаларды есептік бағалау түрінде беріледі.
Дефолт кезіндегі шығын деңгейі (LGD)	Дефолт кезіндегі шығын деңгейі белгілі бір уақыт сәтіндегі дефолт орын алған жағдайда туындайтын шығындарды бағалау түрінде беріледі. Бұл көрсеткіш келісімшартта қарастырылған ақша ағымдары мен кредитор алуды күткен, соның ішінде қамтаманы сату нәтижесінде алынған ақша ағымдары арасындағы айырмашылықтарды ескере отырып есептеледі. Әдетте EAD қатысты пайыздық мәнде беріледі.

ККШ бағалаушы қоры бастапқы мойындалған сәттен бастап кредиттік тәуекелдер кәдімгідей өскен болса, актив әрекет еткен мерзім ішінде туындайды деп күтілген кредиттік шығындардың (бүкіл мерзімде немесе ККШ бүкіл мерзімдегі күтілген кредиттік шығындар) негізінде есептеледі, әйтпегенде бағалаушы қор 12 айлық күтілген кредиттік шығынға (12 айлық ККШ) тең сомада есептеледі. 12 айлық ККШ – бұл есеп күнінен кейінгі мүмкін болған 12 ай ішінде, қаржылық құралдардың дефолттары себебінен туындайтын, бүкіл мерзімде ККШ түрінде берілетін ККШ-ның бөлігі. Бүкіл мерзімдік ККШ мен 12 айлық ККШ қаржылық құралдардың базалық қоржындарының сипатына қарай әлде дербес негізде немесе топтық негізде есептеледі.

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

Құнсыздануды бағалау (жалғасы)

Топ қаржылық құралдың әрекет етуінің қалған мерзімінде дефолттың орын алу тәуекелінің өзгеруін тіркеу арқылы бастапқы мойындау сәтінен бастап қаржылық құрал бойынша кредиттік тәуекел айтарлықтай өсуіне қарай әрбір есеп айының аяғында бағалау жүргізу мақсатындағы саясатын әзірледі. жоғарыда баяндалған үдерістер негізінде Топ берілген кредиттерді келесі топтарға біріктіреді:

1-Кезең:	Кредитті бастапқы мойындау кезінде Топ бағалаушы қорды 12 айлық ККШ тең сомада мойындайды. 1-Кезеңге сондай-ақ кредиттік тәуекелдері 2-Кезеңнен аударылатындай деңгейге дейін төмендеген кредиттер мен басқа да кредиттік желілер кіреді.
2-Кезең:	Бастапқы мойындау сәтінен бастап кредит бойынша кредиттік тәуекел кәдімгідей өссе, Топ бағалаушы қор бүкіл мерзімде ККШ тең сомада мойындайды. 2-Кезеңге сондай-ақ кредиттік тәуекелдері 3-Кезеңнен аударылатындай деңгейге дейін төмендеген кредиттер мен басқа да кредиттік желілер кіреді.
3-Кезең:	Кредиттік-құнсызданған болып табылатын кредиттер. Топ бағалаушы қорды бүкіл мерзімде ККШ тең сомада мойындайды.
Кредиттік – құнсызданған, сатып алған немесе жасалған (бұдан былай – «КҚСЖ») активтер:	КҚСЖ активтер – бұл бастапқы мойындау кезінде кредиттік құнсыздану болған қаржылық активтер. Бастапқы мойындау кезінде КҚСЖ активтер әділ құн бойынша бағаланады, кейінірек кредиттік тәуекелдерді есепке ала отырып есептелген, түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептелген пайыздық түсім бойынша танылады. ККШ бағалаушы қоры бүкіл мерзімдегі күтілген кредиттік шығындар сомасының өзгеруі кейінірек орын алған көлемде ғана танылады немесе танылуы тоқтатылады.

Дефолтты анықтау мен сауықтыру

Шағын, орта және корпоративтік бизнесті кредиттеу сегментінде қарыздар бойынша дефолт деректеріне осы қарыздар бойынша есептелген келешектегі ақша ағымдарына жағымсыз ықпал ететін бір немесе бірнеше оқиғалар кіреді (3-Кезеңге көшу өлшемдері):

- бастапқы мойындау сәтінен бастап қарыз алушының ішкі кредиттік рейтингін D деңгейіне төмендету;
- қарыз алушының Топ алдындағы міндеттерінің көлемі талаптардан асып кеткен жағдайда, Топта ашылған төлемдік талап-тапсырмаларды қарыз алушының/ контрагенттің шоттарына қою;
- негізгі қарыз және/немесе сыйақы бойынша 60 және одан көп күнтізбелік күнге мерзімі өткен берешектер болған;
- қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты қарыз бойынша сыйақы есептеуді уақытша тоқтату;
- кейінгі жиырма ай ішінде бір және бірнеше рет қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты қарызды қайта құрылымдау;
- қарыз берілген сәттен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуінен қарыз алушы берешегінің бөлігін немесе барлық сомасын есептен шығару;
- айтарлықтай дисконтпен қарыздарды сату;
- қарыз алушыға/контрагентке кәдімгідей материалдық залал келген немесе оның өз қызметін жалғастыруына мүмкіндік бермеген, мысалы, қызметін жүзеге асыру лицензиясының алыну секілді форс-мажор, сондай-ақ басқа да жағдайлардың болғаны туралы Топтың ақпараттар алуы;
- ҚР заңнамасына сәйкес қарыз алушыны банкрот деп мойындау туралы арыздың берілуі;
- ҚР заңнамасына сәйкес қарыз алушы оны банкрот деп мойындау туралы арызбен сотқа жүгінуі.

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОКСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

Дефолтты анықтау мен сауықтыру (жалғасы)

Занды және жеке тұлғалардың кредиттері мен кредиттік сипаттағы міндеттерін есепке алмағанда, басқа қаржылық құралдар бойынша:

- Контрагенттің сыртқы кредиттік рейтингін «Дефолт» деңгейіне дейін төмендету (Standard&Poor's, Moody's, Fitch халықаралық рейтингтік агенттіктер белгілеген);
- Банк-контрагенттер мен қаржылық институттарға мониторинг жүргізуді реттейтін Топтың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес контрагенттің қаржылық жағдайын «сыни» санатына дейін айтарлықтай нашарлауы;
- Топта үш күннен артық мерзімге негізгі қарыз және/немесе пайыздық кіріс бойынша мерзімі өткен берешектің болуы.

Топтың саясатына сәйкес қаржылық актив бір санаттан екіншісіне ауыстырылған кезде, дефолттың орын алуының бірде бір өлшемі байқалмаса және қорлар (қор) құрылған күні контрагент қаржылық активтің жалпы баланстық құнының төмендеуіне алып келетіндей берешектерді өтеген кезде қаржылық құралдар «сауықтырылған» болып есептеледі, және сәйкесінше 3-Кезенте ауыстырылады.

Ішкі рейтинг тағайындау және дефолттың ықтималдығын бағалау үдерісі

Ішкі рейтинг деңгейін тағайындау моделін Топтың тәуелсіз тәуекелдер департаменті әзірлейді және қолданады. Моделдерде қарыз алушының өзіндік ақпараттарынан басқа сандық, сонымен қатар сапалық ақпараттар қолданылады, сондай-ақ сыртқы көздерден қарыз алушыға ықпал жүргізуі мүмкін қосымша ақпараттар есепке алынады. Пайдалануға болатын жерлердің барлығында, сондай-ақ ұлттық және халықаралық рейтингтік агенттіктердің ақпараттары қолданылады.

Мойындауды тоқтату

Топ осы қаржылық активке қатысты келісімшартта қарастырылған ақша қаражаттарының ағымына қатысты құқықтарын жоғалтқан кезден бастап, әлде екінші тарапқа осы қаржылық активтің меншік құқығына қатысты барлық тәуекелдер мен пайда түгелімен дерлік өткізілетін немесе осы қаржылық активтің меншік құқығына қатысты барлық тәуекелдер мен пайданың басым бөлігін Топ өткізбеген, сақтамаған, бірақ қаржылық активтерге бақылау жүргізу құқығын сақтамайтын мәмілелерді жүзеге асыру нәтижесінде қаржылық активті басқа тарапқа өткізген кезде, қаржылық активті мойындауды тоқтатады. Қаржылық активтерге өткізілген қатысудың кез келген үлесіне қатысты, Топ жасаған немесе өзінде сақтап қалған мойындауды тоқтату талаптары сақталатын болса, онда ол қаржылық жағдай туралы жасалған шоғырланған есепте жеке актив немесе міндет ретінде мойындалады.

Қаржылық міндеттерге қатысты келісілген міндеттер орындалса, жоққа шығарылса немесе тоқтатылса, Топ қаржылық міндеттерді мойындауды тоқтатады.

Егер Топ өзіндік борыштық міндеттерді алатын болса, онда ол қаржылық жағдайы туралы шоғырланған есептен шығарылады және айырмашылық міндеттердің баланстық құны мен төленген өтемдер арасындағы айырмашылық міндеттерді мерзімінен бұрын өтеуден келетін пайданың немесе шығынның құрамына енгізіледі.

Жалдау

Топ жалгер ретінде

Топ қысқа мерзімдік жалдау мен құны төмен активтерді жалдауды қоспағанда, барлық жалдау келісімшарттарын мойындау мен бағалауда бірыңғай тәсілді қолданады. Топ базалық актив құқығын беретін төлемдер мен активтерді пайдалану құқығына қатысты міндеттерді мойындайды.

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Жалдау (жалғасы)

Пайдалану құқығы формасындағы активтер

Топ жалдау басталған күні (яғни базалық актив қолдануға қол жетімді болған күні) пайдалану құқығы формасындағы активтерді мойындайды. Пайдалану құқығы формасындағы активтер, жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған шығындарды алып тастап, жалдау бойынша міндеттерді қайта бағалауға түзетулер жасай отырып, бастапқы құн бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы формасындағы активтердің бастапқы құнына жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді алып тастағанда, жалдау басталған күні немесе сол күнге дейін жасалған бастапқы тікелей шығындар мен жалгерлік төлемдер бойынша мойындалған жалдау міндеттерінің көлемі кіреді. Егер жалдау мерзімінің соңында Топтың жалға алынған активті жеке меншік құқығына алатындығына сенімсіздеу болса, онда пайдалану құқығы формасында мойындалған актив келесі кезеңдердің ең қысқа мерзіміне арналған сызықтық әдіспен амортизация жасалады: активті табысты қолданудың болжанған мерзімі немесе жалдау мерзімі. Пайдалану құқығы формасындағы активтердің құнсыздануы тексерілетін болады.

Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдау басталған күні Топ жалдау мерзімі кезінде жүргізілетін жалгерлік ақылардың берілген бағасы бойынша бағаланатын жалдау міндеттерін мойындайды. Жалгерлік ақының құрамына жоюға бекітілген кепілдіктер бойынша төленетін индекске немесе мөлшерлеме мен сомаға тәуелді құбылмалы жалгерлік төлемдерді жалдауға қойылған ынталандырығыш кез келген төлемді алып тастағандағы тіркелген төлемдер (соның ішінде шын мәнінде тіркелген төлемдер) кіреді. Сондай-ақ, Топтың опционды орындайтынына және жалдау мерзімі Топтың жалдауды тоқтатуға бағытталған опционды орындауға әлеуетті екенін көрсететін жалдау мерзімі белгіленсе, жалдауды тоқтатқаны үшін айыппұлдар төлейтініне жеткілікті түрде сенімділік болса, сатып алу опционын орындау құны жалгерлік ақының құрамына кіргізіледі. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді емес құбылмалы жалгерлік ақы, мұндай төлемдердің орындалуына алып келетін оқиға немесе жағдай орын алған кезеңде шығындар ретінде мойындалады.

Егер жалдау келісімшартында қойылған пайыздық мөлшерлемені анықтау оңай болмаса, берілген жалгерлік ақылардың құнын есептеу үшін Топ жалдау басталған күнгі қарыз қаражаттарын тартуға белгіленген мөлшерлемені қолданады. Жалдау басталған күн аяқталғаннан кейін, пайыздарды есептеуді көрсету үшін жалдау міндеттерінің көлемі артады және жалгерлік ақылардың жасалғанын көрсету үшін төмендейді. Сонымен қатар жалдау мерзіміне модификация, өзгерістер, тіркелген жалгерлік ақының мәніне өзгерістер немесе базалық активті сатып алудағы опционның құнына өзгерістер жасалғанда, жалдау жөніндегі міндеттердің баланстық құнына қайта бағалау жасалады.

Краткосрочная аренда и аренда активов с низкой стоимостью

Топ қысқа мерзімді келісімшарттарды (жалдау мерзімі басталған күнгі қарастырылған жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын және сатып алуға опцион қарастырылмаған келісімшарттар) қысқа мерзімге жалдауына қатысты мойындаудан босатады. Топ сондай-ақ құны төмен деп есептелетін (2,159 мың теңгеге дейін) офистік жабдықтарды жалдау келісімшарттарын мойындаудан босатады. Қысқа мерзімдік жалдау және құны төмен активтерді жалдау бойынша жалгерлік төлемдер жалдау мерзімі барысындағы желілік әдіспен жалдау шығындары ретінде мойындалады.

Операциялық жалдау – Топ жалға беруші ретінде

Топ активтерді иеленуге қатысты барлық шығындар мен пайданы мүлдем өткізбейтін жалдау – операциялық жалдау ретінде сыныпталады. Жалдаудан түскен кіріс жалдау мерзімі барысындағы желілік әдіспен есептеледі және өзінің операциялық сипатына қарай табыс немесе шығын туралы шоғырландырылған есептегі пайда құрамына енгізіледі. Операциялық жалдау келісімшарттарын келісу және жасау барысында жұмсалған бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына қосылады және жалдау мерзімінің барысында жалдаудан түскен кіріс сияқты негізде мойындалады. Шартты жалгерлік төлемдер, олар алынған кезең ішіндегі түсім ретінде мойындалады.

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Жалдау (жалғасы)

Қаржылық жалдау – Топ жалға беруші ретінде

Топ жалдау мерзімі басталатын күннен бастап жалдаудағы таза инвестицияларға тең келетін сомадағы жалдау төлемдерінің дебиторлық берешектерін көрсетеді. Қаржылық кіріс таза инвестициялардың баланстық сомасының табыстылық нормасын үнемі жүйелі түрде көрсететін схема бойынша есептеледі. Тікелей бастапқы шығындар жалдау төлемдерінің дебиторлық берешектерінің бастапқы сомасының құрамында есептеледі.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдардың нысандары шоғырландырылған қаржылық есептілікте, қайта бағалау құны бойынша бұдан былай көрсетілетін, жинақталған амортизацияны және жер учаскелері мен ғимараттарды есепке алмағандағы құнсызданудан келген шығындарды қоспағанда нақты шығындар бойынша көрсетіледі.

Негізгі құралдардың нысаны қолданудың әртүрлі пайдалы мерзімдеріне есептелген бірнеше құрамдастардан құралған жағдайда, мұндай құрамдастар негізгі құралдардың жеке нысандары ретінде көрсетіледі.

Қайта бағалау

Жер учаскелері мен ғимараттар жүйелі түрде қайта бағалануы тиіс. Қайта бағалау кезеңділігі қайта бағалануы тиіс ғимараттардың әділ құнының өзгерістеріне қарай жасалады. Пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілген нысандарды құнын қайта бағалау нәтижесінде алдыңғы өтеңдерді есепке алмағанда, «Жер учаскелері мен ғимарат» санатына жататын жер учаскелері мен ғимараттардың қайта бағалау құнын өсіру нәтижесі басқа жиынтық кіріс құрамында қамтылады. Мұндай жағдайда қайта бағалау нәтижесі пайданың немесе шығынның құрамында қамтылады. Басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетілген нысандардың құнын қайта бағалау нәтижесінде алдыңғы артық төлемдерді есептен шығару жағдайларын қоспағанда, «Жер учаскелері мен ғимарат» санатына жататын жер учаскелері мен ғимараттардың қайта бағалау құнын төмендетілген нәтижесі басқа да жиынтық кірістің құрамында қамтылады. Мұндай жағдайда қайта бағалау басқа да жиынтық кірістің құрамында қамтылады.

Амортизация

Негізгі қаражаттар бойынша амортизация болжанған тиімді қолдану мерзімі ішінде тура сызықты әдіспен есептеледі және ол пайданың немесе шығынның құрамында қамтылады. Амортизация нысанды алған күннен, ал негізгі құралдардың шаруашылық тәсілмен тұрғызылған нысандары – нысанның құрылысы аяқталған және ол пайдалануға дайын болған сәттен бастап есептеледі. Жер учаскелері бойынша амортизация есептелмейді.

Негізгі құралдардың әртүрлі нысандарын пайдалы қолдану мерзімі келесі үлгіде берілуі мүмкін :

Ғимарат	67 жыл
Көлік құралдары	7 жыл
Компьютерлік жабдықтар	4 жылдан 10 жылға дейін
Басқасы	5 жылдан 20 жылға дейін

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Материалдық емес активтер

Сатып алынған материалдық емес активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан келген шығындарды есептен шығарып, нақты шығындар бойынша көрсетіледі.

Арнайы бағдарламалық қамтамалардың лицензияларын сатып алу мен оларды енгізуге жұмсалған шығындар сәйкесті материалдық активтер емес құнына капиталдандырылады.

Материалдық емес активтер бойынша амортизация болжанған мерзім ішіндегі ескіруді теңдей есептеу әдісі бойынша есептеледі және пайданың немесе шығынның құрамында қамтылады. Материалдық емес активтерді пайдалы қолдану мерзімі 1 жылдан 10 жылға дейін құбылады.

Сату үшін ұсталатын активтер

Ұзақ мерзімдік активтер, құрамға кіретін активтер мен міндеттердің өтем құны бөрінен бұрын ұзақ мерзім қолданудан емес, сату есебінен келеді, олар сату үшін ұсталатын активтер санатқа анықталады. Сату үшін ұсталатын активтер санатына жатқызбас бұрын Банктің есептік саясатына сәйкес активтерге немесе топтан шығу құрамдастарына қайта бағалау жүргізіледі. Сәйкесінше, активтерге немесе шығу тобына бағалау аз дегенде екі шама бойынша жасалады: баланстық құн немесе сатылым шығындарын есепке алмағандағы әділ құн.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік капиталды өсіру немесе басқа да жағдайлардағы жалдау ақысын алу үшін қолданылатын нысандардан тұрады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктердің нысандары алдымен сатып алу шығындарын қосқандағы, сатып алу құны бойынша есептеледі. Осыдан кейін олар әділ құн бойынша көрсетіледі. Инвестициялық жылжымайтын мүліктердің әділ құнына жасалған өзгерістер, олар туындайтын кезең ішіндегі пайданың немесе шығындардың құрамына қосылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктер шығарылғанда немесе пайдаланудан мүлдем алынғанда және сонымен байланысты экономикалық пайда көру тоқтатылғанда, инвестициялық жылжымайтын мүліктердің нысандары есептен шығарылады. Нысанды шығарудан келген кез келген кіріс немесе шығын (шығарудан келген таза түсім мен активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық) есептен шығару кезеңі ішіндегі шығын немесе табыстың құрамына енгізіледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына аудару немесе одан шығару жылжымайтын мүлікті қолданудың сипаты өзгерген кезде ғана жүргізіледі. Инвестициялық жылжымайтын мүліктен иелері тұратын жылжымайтын мүлік нысанына аударған кезде, бұдан былай тіркеу мақсатындағы шартты бастапқы құн пайдалану мақсатын өзгерту сәтіндегі әділ құн ретінде алынады. Иесі орналасқан жылжымайтын мүлік нысаны инвестициялық жылжымайтын мүлік нысанына айналған кезде, Топ мұндай жылжымайтын мүлікті, пайдалану мақсаты өзгерген сәтке дейін негізгі құралдарды есепке алу саясатына сәйкес есепке алады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Кейінге қалдырылған салықтарға ұқсамайтын қаржылық емес активтер құнсыздану белгілердің болуына қарай әрбір есеп күніндегі жай-күй бойынша бағаланады. Өтелетін гудвил құны әрбір есеп күніндегі жай-күй бойынша бағаланады. Қаржылық емес активтердің өтелетін құны, сатылым шығындары мен қолданудан келген құндылықты есепке алмағанда, әділ құнының ең жоғарғы шамасы болып табылады. Келешекте түсуі болжанған ақша қаражаттарының ағымын қолданудан келген құнды анықтаған кезде, осы активке тән ақша мен тәуекелдердің уақытша ағымдағы нарықтық құнын бағалауды қамтитын, салық салғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемелерін қолдана отырып, анықталған құнның ағымдағы сәтін дисконтталады. Басқа активтермен түрленетін ақша қаражаттарының ағымдарынан белгілі бір деңгейде тәуелсіз ақша қаражаттарының ағымын түрлендірмейтін активтер үшін өтелетін құн құрамына актив кіретін ақша қаражаттарын түрлендіретін активтердің тобы бойынша анықталады. Ақша қаражаттарын түрлендіретін активтің немесе активтер тобының баланстық құны оның өтелетін құнынан асып түскенде, құнсызданудан келген шығын мойындалады.

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы (жалғасы)

Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан келген барлық шығындар пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі және өтелетін құнды анықтаған кезде қолданылған бағалауға өзгерістер жасалған жағдайда ғана қалпына келтірілуі тиіс. Активтің құнсыздануынан келген кез келген шығын, шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмеген құнсызданудан құралған баланстық құннан (амортизация мен ескіруді есепке алмағанда) асып кетпейтін көлемдегі активтің баланстық құнының көлемінде қалпына келтірілуі тиіс.

Қорлар

Орын алған оқиғалар нәтижесінде Топ алдында заңдық немесе негізделген міндеттер туындаған жағдайда қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қор қамтылады және аталған міндеттерді орындау үшін қаражаттар қарастырылуы керек болуы ықтимал. Егер мұндай міндеттердің сомасы айтарлықтай болса, онда қорлар салық салынғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемелерін қолдана отырып, ақшаның уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауды көрсететін және осы міндеттерге тән тәуекелдерді қамтитын келешекте болуы ықтимал ақша қаражаттарының ағымдарын дисконттау арқылы анықталады.

Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер

Топ ағымдағы шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында, құрамына қолданылмаған кредиттік желілер, аккредитивтер мен кепілдіктер кіретін кредиттік сипаттағы шартты міндеттерді қабылдайды және кредиттік сақтандырудың басқа да формаларын көрсетеді.

Қаржылық кепілдіктер — бұл белгілі бір дебитор қарызгерлік құралдың шарттарында белгіленген мерзімде төлем жасай алмау нәтижесінде келген шығындарға жасалған қаржылық кепілдіктерді ұстаушыға компенсациялау мақсатындағы белгілі бір төлемдер жасауды Топқа міндеттейтін келісімшарттар.

Қаржылық кепілдіктерге қатысты міндеттер алдымен мәмілеге шығындарын есепке алмағандағы әділ құн бойынша танылады және ол кейінірек ең жоғарғы келесі екі шамада бағаланады: осы кепілдіктер бойынша ықтимал шығындарға есептелген жинақталған амортизацияны немесе қордың шамасын есепке алмағандағы бастапқы деп танылған сомата. Шығынның туындау ықтималдығы жоғары болғанда және мұндай шығын көлемі сенімділіктің жеткілікті деңгейінде өлшенуі ықтимал болғанда ықтимал қаржылық кепілдіктер мен басқа кредиттік сипаттағы міндеттердің шығындарына есептелген қорлар мойындалады.

Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттер мен кредиттік сипаттағы басқа міндеттерге жасалған қорлар басқа да міндеттердің құрамына енгізіледі.

Келесі жағдайларды есепке алмағанда, кредиттер беруге қатысты міндеттер мойындалмайды:

- Топ әділ құн бойынша бағаланған қаржылық міндеттердің санатында анықтаған, кредиттерді беруге қатысты міндеттерді, кезең ішіндегі пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілген өзгерістер;
- Топта кредиттерді беруге қатысты міндеттер туындағаннан кейін сатып алынған активтерді бұрын сатқан, туынды қаржылық құралдар ретінде қарастырылатын аспаптар сыныбына жататын кредиттерді беруге қатысты тәжірибесі болған жағдайда;
- нетто-шама келісімшарты сәйкес есептелетін кредиттерді беруге қатысты міндеттер, ақша қаражаттары немесе басқа қаржылық құралдарды өткізу немесе шығару;
- нарықтан төмен мөлшерлеменен кредиттер беру бойынша міндеттемелер.

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Акционерлік капитал

Жай акциялар

Жай акциялар капитал сияқты сыныпталады. Жай акциялар мен акциялардың опциондарын шығаруға тікелей байланысты шығындар, кез келген салықтық әсерді есепке алмағанда, капиталдың төмендету ретінде мойындалады.

Артықшылықты акциялар

Сатып алынбайтын және дивидендтер төлеуі міндетті емес артықшылықты акциялар капитал құрамында көрсетіледі.

Мәміле бойынша шығындарды есепке алмағандағы міндеттердің сипатындағы шоғырланбалы артықшылықты акциялардың бөліктері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте міндеттер ретінде қамтылады. Мұндай акциялардың сәйкесті шоғырланбалы дивидендтері пайда немесе шығын және басқа да жиынтық кіріс туралы шоғырланған есепте пайыздық шығыстар ретінде мойындалады. Артықшылықты шоғырланбалы акцияларды шығарған кезде, міндеттер бөліктерінің әділ құнын анықтауда баламалы айырбасталмайтын облигацияларға арналған нарықтық мөлшерлеме қолданылады; бұл сома сатып алу кезіндегі ұзақ мерзімдік міндеттердің өтеу жасалғанға дейінгі амортизацияланған құн негізінде анықталады.

Меншікті акцияларын сатып алу

Топ меншікті акцияларын сатып алған жағдайда, осы сатып алумен тікелей байланысқан шығындарды қоса есептегендегі төленген сома шоғырландырылған қаржылық есептілікте капиталдың төмендеуі ретінде қамтылады.

Дивидендтер

Топтың дивидендтерді жариялауы және төлеу мүмкіндігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында реттеледі.

Жай акциялар бойынша дивидендтер жариялануына қарай, шоғырландырылған қаржылық есептілікте белгіленбеген пайданы қолдану ретінде көрсетіледі.

Салық салу

Корпоративтік табыс салығының сомасына ағымдағы корпоративтік салық сомасы мен кейінге қалған салық сомасы кіреді. Корпоративтік табыс салығы, сомаларды есепке алмағанда, басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетілетін операцияларға жататын немесе басқа жиынтық кірістер құрамында немесе тікелей капитал шоттарында сәйкесінше пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілетін операцияларда толық көлемде қамтылады.

Ағымдағы корпоративтік табыс салығының шығынына жыл ішіндегі салық салынатын пайдаға немесе салықтық залалға қатысты төленетін және қолданыстағы немесе есеп берілген күнгі қолданыста болған, сондай-ақ өткен жылғы табыс салығына жасалған түзетулермен қоса, салықтық мөлшерлемелер негізінде есептелген салық сомасы кіреді.

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Салық салу (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салықтық активтердің және кейінге қалдырылған салықтық міндеттердің есебі Топтың активтер мен міндеттердің баланстық құнын өтеуге немесе жабуға есептік кезеңнің аяғына жоспарлаған тәсілдерге тәуелді болып келетін салықтық салдарды қамтиды.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен кейінге қалдырылған салықтық міндеттер, олардың салықтық базасында және шоғырланған қаржылық есептілікте көрсету мақсатында анықталатын активтер мен міндеттердің баланстық құндары арасында туындайтын мезгілдік айырмаларға қатысты көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен кейінге қалдырылған салықтық міндеттер келесі мезгілдік айырмаларға қатысты мойындалмайды: гудвил мен төмендетілмейтін салық салу базасын қайтаруға қатысты, активтер мен міндеттерге қатысты айырмашылықтар, алдымен бухгалтерлік және де салық салу табысына әсер етпейтін деректерді қайтару; сондай-ақ бас кәсіпорын аталған айырмашылықтардың жүзеге асу уақытын бақылауға мүмкіндігі болған және осы мезгілдік айырмалардың жақын келешекте жүзеге аспайтынына сенімділік болған жағдайда, инвестициямен және еншілес кәсіпорындармен байланысты мезгілдік айырмалар.

Кейінге қалдырылған салықтық активтердің және кейінге қалдырылған салықтық міндеттердің шамасы, мерзімдік айырма қалпына келтірілген кезде келешекте қолданылатын салықтық мөлшерлемелер ескеріле отырып, есеп күніндегі күй-жайы бойынша қолданыста болған немесе қолданысқа енгізіліп қойған заңдарға сүйене отырып, анықталады.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер, мезгілдік айырмаларды, салыққа қатысты қабылданбаған шығындар мен пайдаланылмаған салықтық жеңілдіктерді жабуға жеткілікті болатын келешекте табыс салығын алуға мүмкіндік беретіндей шамада көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салықтық активтердің көлемі есептен шығарылған мезгілдік айырмаларды қолдануға мүмкіндік беретін, табыс салығы алынбауы ықтимал деңгейге төмендетіледі.

Кірістер мен шығындарды мойындау

Топ экономикалық пайда алатыны және сенімді бағалануы мүмкін болатын болса, түсім танылады. Түсімдерді қаржылық есептілікте мойындау үшін сондай-ақ келесі өлшемдер орындалуы тиіс.

Пайыздық және ұқсас кірістер мен шығыстар

Топ кредиттік-құнсызданған қаржылық активтерден басқа қаржылық активтердің жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемелерді қолдана отырып, Амортизацияланған құнмен немесе БЖҚӨҚ бойынша бағаланатын борыштық қаржылық активтер бойынша пайыздық пайданы есептейді. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл келешек ақша төлемдері немесе қаржылық құралды қолданған кездегі болжанған мерзім немесе одан қысқа мерзім ішіндегі түсімдерді дисконттау кезіндегі мөлшерлеме, ол қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттердің таза баланстық құнына дәлдікпен алып келеді.

Есептеу кезінде қаржылық құралға (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) қатысты келісілген барлық шарттар және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлшегі болып табылатын құралға тікелей қатысы бар комиссиялық немесе қосымша шығындар есепке алынады, бірақ келешектегі кредиттік залалдар есептелмейді. Қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттердің баланстық құны Топ төлемдердің немесе түсімдердің бағаларын қайта қараған жағдайда түзетіледі. Түзетілген баланстық құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде есептеледі, баланстық құнның өзгерісі пайыздық түсім немесе шығыстар ретінде қамтылады.

Кредиттік-құнсызданған активке айналған қаржылық актив жағдайында Топ осы қаржылық активтің таза амортизацияланған құнының тиімді пайыздық мөлшерлемелерін қолдана отырып, пайыздық түсімді есептейді. Егер қаржылық актив бойынша дефолт жойылатын болса және ол бұдан былай кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын болса, Топ жалпы құн негізіндегі пайыздық түсімдер есебіне қайта оралады.

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Кірістер мен шығындарды мойындау (жалғасы)

Пайыздық және ұқсас кірістер мен шығыстар (жалғасы)

Топтың қаржылық активтердің ҚҚСЖ жағдайында, кредиттік тәуекелдерді есептей отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы қаржылық активтің амортизацияланған құнына пайыздық түсім есептеледі. Кредиттік тәуекелдерді есептей отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл бастапқы мойындау кезіндегі есептелген келешектегі ақша ағымдарын (кредиттік шығындарды қосқанда) ҚҚСЖ активтерді амортизацияланған құнға дейін дисконттайтын мөлшерлеме.

ТШӘҚ бойынша бағаланатын барлық қаржылық активтердің пайыздық түсімі «Басқа пайыздық кірістер» бабының құрамындағы пайда немесе шығын жайлы шоғырланған есепте келісілген пайыздық мөлшерлеме баптары қолданыла отырып, танылады.

Комиссиялық кірістер

Топ, клиенттерге көрсетіп отырған әртүрлі қызметтерден комиссиялық кірістер алады. Комиссиялық кірістер төмендегідей екі санатқа бөлінуі мүмкін:

Белгілі бір кезең ішінде қызметтер көрсеткені үшін алынған комиссиялық кірістер

Белгілі бір кезең ішінде қызметтер көрсеткені үшін алынған комиссиялық кірістер сәйкесті міндеттер орындалуына қарай осы кезең ішіндегі есептеледі. Мұндай баптарға комиссиялық кірістер мен басқарушылық және кеңестік активтер кіреді. Кредиттің қолдану ықтималдығы сенімді болған жағдайда кредиттерді беруге қатысты комиссиялар мен басқа комиссиялар келешек кезеңдерге (қосымша шығындармен бірге) жатқызылады және кредиттің тиімді пайыздық мөлшерлемесінің түзетулері ретінде мойындалады.

Операциялар жүргізу жөніндегі қызметтерден комиссиялық кірістер

Операциялар жүргізгені немесе үшінші тараптың атынан келіссөздерге қатысканы үшін алынған комиссиялық кірістер, мысалы акцияларды немесе бағалы қағаздарды сату немесе бизнесті сату немесе сатып алу кезінде Топтың міндетіне келісім жасау жатқызылған кезде осындай операциядан кейін мойындалады. Белгілі бір орындалуы тиіс міндеттерге байланысты комиссиялық төлемдер (немесе комиссиялардың бөлігі) сәйкесті өлшемдер орындалғаннан кейін мойындалады. Келісімшартта аралық өтеу қарастырылған болса, онда комиссиялық кірістер аралық өтеуге тән болып келетін белгісіздік шешім жасалған кездегі ең жоғарғы деңгейге сәйкес келетін деңгейде ғана мойындалады, түсімнің жинақталған сомасында мойындалған сома айтарлықтай төмендетілмейді.

Басқа да кірістер

Дивидендтер формасындағы кіріс дивидендтер жарияланған күнгі пайданың немесе шығынның құрамында қамтылады. Жалдау операцияларының келісімшарттары бойынша төлемдер жалдау әрекет еткен бүкіл мерзімі бойындағы кезең үшін теңдей үлеспен пайданың немесе шығынның құрамында мойындалады. Алынған жеңілдіктер жалдау әрекет еткен бүкіл мерзімі бойындағы сомасы жалдауға жұмсалған шығынның жалпы сомасын төмендетеді.

Сегменттік есептілік

Операциялық сегмент коммерциялық қызметке тартылған. Топ пайда табатын, әлде шығындар көтеретін (Топтың басқа құрамдастарымен жасалған операцияларға қатысты пайда мен шығындарды қосқанда Топтың құрамдас бөлігін құрайды), сегменттер арасында ресурстарды бөлген кезде және оның қызметінің қаржылық нәтижелеріне баға берген кезде және қаржылық ақпарат оған қолжетімді болған жағдайларда, операциялық шешімдер қабылдауға жауапты тұлға талдау жүргізетін қызмет нәтижелері көрсетілетін коммерциялық қызмет түрінде болады. Топтың қызметі жоғары интегралданған болып табылады және ҚЕХС (IFRS) 8 «Операциялық сегменттер» талаптарына сәйкес операциялық бизнес-сегменттен тұрады.

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕПТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қолданысқа енгізіле қоймаған жаңа стандарттар мен түсіндірулер

Төменде шығарылғанымен, Топтың шоғырланған қаржылық есептілігі жарияланған күнге дейін күшіне енген стандарттар мен түсіндірмелер берілген. Топ аталған стандарттарды күшіне енгізілген сәттен бастап қолдануды жоспарлап отыр.

ҚЕХС (IFRS) 16-ға түзетулер: Сату және кері жалдау кезіндегі жалдау міндеттемелері

2022 жылдың қыркүйегінде ҚЕХС жөніндегі Кеңес ҚЕХС (IFRS) 16-ға түзетулерді жариялады, онда сатушы-жалгер сатып алу-сату мәмілесі мен кері жалдау нәтижесінде туындайтын, жалдау бойынша міндеттемелерді бағалау кезінде пайдаланатын талаптарды түсіндіреді, бұл сатушы-жалгердің сақтайтын пайдалану құқығына қатысты пайданың немесе шығынның қандай болмасын сомасын мойындамауына кепілдік береді.

Түзетулер 2024 жылдың 1 қаңтарында немесе сол күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ҚЕХС (IFRS) 16-ны бастапқы қолдану күнінен кейін жасалған сатып алу-сату және кері жалдау мәмілелеріне ретроспективті түрде қолданылуы тиіс. Ертерек қолдануға жол беріледі және бұл факт анықталуы тиіс. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер етеді деп күтілмейді.

БЕХС (IAS) 1-ге түзетулер: Міндеттемелерді қысқа мерзімдік немесе ұзақ мерзімдік ретінде сыныптау

2020 жылдың қаңтарында ҚЕХС жөніндегі Кеңес міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеуге қойылатын талаптарды түсіндіретін, БЕХС (IAS) 1-дің 69-76-тармақтарына түзетулерді жариялады. Түзетулер келесілерді түсіндіреді:

- реттеу мерзімдерін шегеру құқығы нені білдіретінін;
- мерзімді шегеру құқығы есепті кезеңнің соңында болуы керектігін;
- осы жіктеуге ұйымның мерзімді шегеру құқығын пайдалану ықтималдығы әсер етпейтінін;
- айырбасталатын міндеттемеге енгізілген туынды құралдың өзі үлестік құрал болған жағдайда ғана міндеттеменің шарттары оның жіктелуіне әсер етпейтінін.

Сонымен қатар, кредиттік келісімнен туындайтын міндеттеме ұзақ мерзімді деп жіктелетін және кәсіпорынның өтеу мерзімін шегеру құқығы он екі ай ішінде болашақ шарттарды орындауға байланысты болған жағдайларда ақпаратты ашу туралы талап енгізілді.

Түзетулер 2024 жылдың 1 қаңтарында немесе сол күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ретроспективті түрде қолданылуы тиіс. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер етеді деп күтілмейді.

Жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісімдер – БЕХС (IAS) 7 және ҚЕХС (IFRS) 7-ге түзетулер

2023 жылдың мамыр айында ҚЕХС жөніндегі Кеңес жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісімдердің сипаттамаларын түсіндіретін және осындай келісімдер туралы ақпаратты қосымша ашуды талап ететін, БЕХС (IAS) 7-ге «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» пен ҚЕХС (IFRS) 7-ге «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» түзетулер жариялады. Түзетулердегі ақпаратты ашуға қойылатын талаптар қаржылық есептілікті пайдаланушыларға жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісімдердің кәсіпорынның міндеттемелеріне, ақша ағындарына және өтімділік тәуекеліне ұшырауына әсерін түсінуді көмектесуге арналған.

Түзетулер 2024 жылдың 1 қаңтарында немесе сол күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімнен бұрын қабылдауға жол беріледі, бірақ ол туралы ақпарат ашылуы тиіс. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер етеді деп күтілмейді.

«НҮРБАНК» АҚ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

4. ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС

Мың теңге	2023 жыл	2022 жыл
Тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, есептелген пайыздық кірістер		
Клиенттерге берілген кредиттер	36,402,710	27,820,255
БЖКӨҚ бойынша бағаланатын қаржылық активтер	11,949,380	10,113,376
Ақшалай қаражат пен олардың баламалары	3,374,282	4,475,470
Амортизация құны бойынша бағаланатын борышкерлік бағалы қағаздар	1,146,289	502,658
Тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, есептелген пайыздық кірістер	52,872,661	42,911,759
ТШӨҚ бойынша бағаланатын қаржылық активтер	1,589	672
Басқа да пайыздық кірістер	1,589	672
Пайыздық шығыстар		
Клиенттердің қаражаты	(22,598,873)	(16,290,898)
Дәрежеленген қарыз	(3,143,027)	(3,770,595)
Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар	(1,643,112)	(2,347,448)
Банктер мен басқа қаржы ұйымдарының қаражаты	(169,558)	(205,035)
Жалдау міндеттемелері бойынша пайыздық шығыстар	(106,728)	(80,372)
Репо мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	(134,266)	(5,726)
Пайыздық шығыстар	(27,795,564)	(22,700,074)
Таза пайыздық кіріс	25,078,686	20,212,357

5. КҮТІЛГЕН КРЕДИТТІК ШЫҒЫН БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі пайда немесе шығын туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген қаржылық активтердің ККШ бойынша (шығыстары)/қалпына келтіру төмендегі кестеде берілген:

Мың теңге	Ескерту	2023 жыл			
		1-Кезең	2-Кезең	3-Кезең	Жиынтығы
Ақшалай қаражат пен олардың баламалары	13	(1,007)	—	—	(1,007)
Амортизация құны бойынша бағаланатын борышкерлік бағалы қағаздар	14	212,234	—	—	212,234
БЖКӨҚ бойынша бағаланатын қаржылық активтер	15	(49,654)	—	—	(49,654)
Кредиттік мекемелердегі қаражат	16	3	—	—	3
Клиенттерге берілген кредиттер	17	(4,818,158)	35,058	(6,677,366)	(11,460,466)
Басқа да қаржылық активтер	20	—	—	(1,719,044)	(1,719,044)
Қаржылық кепілдіктер	26	3,507,079	1,276	(7,089,423)	(3,581,068)
Күтілген кредиттік шығындар бойынша шығыстар жиынтығы / (орнын толтыру)		(1,149,503)	36,334	(15,485,833)	(16,599,002)

2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі пайда немесе шығын туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген қаржылық активтердің ККШ бойынша (шығыстары)/қалпына келтіру төмендегі кестеде берілген:

Мың теңге	Ескерту	2022 жыл			
		1-Кезең	2-Кезең	3-Кезең	Жиынтығы
Ақшалай қаражат пен олардың баламалары	13	(1,373)	—	—	(1,373)
Амортизация құны бойынша бағаланатын борышкерлік бағалы қағаздар	14	(366,522)	—	—	(366,522)
БЖКӨҚ бойынша бағаланатын қаржылық активтер	15	(242,281)	—	—	(242,281)
Кредиттік мекемелердегі қаражат	16	1	—	—	1
Клиенттерге берілген кредиттер	17	(1,977,263)	—	(7,982,931)	(10,502,130)
Басқа да қаржылық активтер	20	—	—	280,032	280,032
Қаржылық кепілдіктер	26	(3,556,984)	—	(485,963)	(4,043,038)
Күтілген кредиттік шығындар бойынша шығыстар жиынтығы		(6,144,422)	—	(8,188,862)	(14,875,311)

«НҰРБАНК» АҚ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

«НҰРБАНК» АҚ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

6. ТАЗА КОМИССИЯЛЫҚ КІРІС

<i>Мың теңге</i>	2023 ЖЫЛ	2022 ЖЫЛ
Комиссиялық кірістер		
Банктік картаға қызмет көрсеткені үшін комиссия	6,808,574	6,620,661
Аударым операциялары	4,228,243	4,644,112
Кепілдік пен аккредитив бергені үшін комиссия	816,889	1,424,663
Ақша қаражатын алғаны үшін комиссия	701,445	956,373
Шетел валютасындағы операциялар бойынша комиссия	681,907	643,974
Агенттік комиссиялар	17,775	15,752
Инкассация	10,764	9,313
Басқасы	67,264	67,852
	13,332,861	14,382,700
Комиссиялық шығыстар		
Банктік картаға қызмет көрсеткені үшін комиссия	(8,002,406)	(8,000,249)
Аударым операциялары	(306,700)	(266,153)
Кепілдіктер мен аккредитивтер шығару	(69,870)	(248,581)
Бағалы қағаздармен жасалған операциялар	(28,074)	(32,780)
Басқасы	(64,132)	(16,524)
	(8,471,182)	(8,564,287)
Таза комиссиялық кіріс	4,861,679	5,818,413

7. КІРІС НЕМЕСЕ ШЫҒЫН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰН БОЙЫНША БАҒАНАЛАТЫН ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫМЕН ОПЕРАЦИЯЛАРДАН ТҮСКЕН ТАЗА ПАЙДА

<i>Мың теңге</i>	2023 ЖЫЛ	2022 ЖЫЛ
Своп операцияларынан пайда	1,373,707	4,310,092
Борышқорлық қаржы құралдары	2,432	1,316
	1,376,139	4,311,408

8. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫНДАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАРДАН ТҮСКЕН ТАЗА ПАЙДА

<i>Мың теңге</i>	2023 ЖЫЛ	2022 ЖЫЛ
Дилингілік операциялар, нетто	4,987,108	7,371,341
Шетел валютасын қайта бағалаудан таза бағамдық айырмашылық	(1,313,324)	(3,914,739)
	3,673,784	3,456,602

9. БАСҚА ДА ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР, НЕТТО

<i>Мың теңге</i>	2023 ЖЫЛ	2022 ЖЫЛ
Өндірілген кепілзаттық мүлікті сатудан түскен кірістер	692,066	106,663
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті жалға беруден түскен кірістер	497,665	393,680
Басқа да қайта бағалаудан түскен кірістер	65,189	644,331
Негізгі емес қызметтен түскен басқа да кірістер	19,665	228,803
Банктік қызметтен түскен басқа да кірістер	11,491	15,544
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түскен кірістер	4,013	1,202
	1,290,089	1,390,223

10. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ШЫҒЫСТАРЫ

<i>Мың теңге</i>	2023 ЖЫЛ	2022 ЖЫЛ
Еңбек ақы мен басқа да төлемдер	7,386,844	6,508,603
Еңбекақы бойынша салықтар мен аударымдар	799,714	697,468
	8,186,558	7,206,071

«НҰРБАНК» АҚ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

11. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

<i>Мың теңге</i>	2023 ЖЫЛ	2022 ЖЫЛ
Ескіру мен амортизация	1,248,982	1 225,128
Ақпараттық және телекоммуникациялық қызметтер	885,442	650,732
Корпоративтік табыс салығынан басқа да салықтар	652,598	561,363
Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қорына жарна	591,780	499,004
Күзет	502,104	394,593
Жарнама мен маркетинг	306,226	263,002
Басқа да сақтандырулар	296,205	236,134
Жалдау операцияларының шығыстары	266,510	169,293
Қайырымдылық және демеушілік	260,526	119,825
Кеңсе тауарлары	209,128	125,006
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	174,483	176,381
Коммуналдық қызметтер	157,958	102,165
Көліктік шығыстар	147,772	127,829
Инкассация қызметтері	131,917	72,086
Кәсіптік қызметтер	131,517	133,623
Пошта мен курьер шығыстары	56,424	41,531
Іссапар шығыстары	34,803	43,587
Басқасы	498,924	552,602
	6,553,299	5,493,884

12. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ЭКОНОМИЯ/(ШЫҒЫСТАР)

Корпоративтік табыс салығы (бұдан былай – «КТС») бойынша экономияға/(шығыстарға) келесі баптар кіреді:

<i>Мың теңге</i>	2023 ЖЫЛ	2022 ЖЫЛ
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығын	(12,581)	(7,100)
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша экономия/(шығыстар)	3,154,912	(2,579,779)
Корпоративтік табыс салығы бойынша экономияның (шығыстардың) барлығы	3,142,331	(2,586,879)

2023 және 2022 жылдардағы ағымдағы және кейінге қалған КТС мөлшерлемесі 20% құрайды.

КТС бойынша осы шоғырланған қаржылық есептілікте көрсетілген шығындар мен 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы салықтың нормативтік мөлшерлемесіне көбейтілген КТС бойынша шығындарды есепке алғанға дейінгі табыс арасындағы салыстыру, төмендегідей берілген:

<i>Мың теңге</i>	2023 ЖЫЛ	2022 ЖЫЛ
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығынға дейінгі табыс	4,600,670	8,243,524
Салықтың нормативтік мөлшерлемесі	20%	20%
Нормативтік мөлшерлеме бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша теориялық шығын	920,134	1,648,705
Провизия құру бойынша есептен алынбаған шығындар	1,065,316	103,634
Салық алынбайтын, мұндай кіріс есептелген күні ҚҚБ ресми тізіміндегі мемлекеттік және басқа бағалы қағаздардан түскен пайыздық кіріс	(2,572,955)	(1,237,678)
Мойындалмаған кейінге қалдырылған салықтық активтерді өзгерту	(2,083,034)	1,018,899
Болашақ кезеңдерге қалдырылған салықтық шығындарды түзету	(636,746)	1,594,786
Басқа да (салық алынбайтын кірістер)/есептен шықпайтын шығындар	164,954	(541,467)
Корпоративтік табыс салығы бойынша (экономия)/шығыстар	(3,142,331)	2,586,879

«НҮРБАНК» АҚ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

12. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ЭКОНОМИЯ/(ШЫҒЫСТАР) (ЖАЛҒАСЫ)

Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттердің баланстық құндары мен салық салу базаны есептеу мақсатында қолданылатын сомалар арасында туындайтын мезгілдік айырмалар 2023 пен 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы күй-жайы бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтердің пайда болуына алып келеді. Кейінге қалдырылған салықтық активтер осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ішінара көрсетілген.

ҚРҰБ Басқармасының 2017 жылдың 30 маусымындағы №129 қаулысымен Банктің Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасына (бұдан әрі – «Бағдарлама») қатысуы мақұлданды. Топ Бағдарлама шарттарына сәйкес 2020 жылдың 29 сәуірінде айналым мерзімін 15 жыл құрайтын және купон мөлшерлемесінің жылдығы 4.0% құрайтын, 46,829,031 мың теңге сомасындағы купондық реттелген облигацияларын (бұдан әрі – «Облигациялар») ҚТК-ға орналастырды. Облигациялар орналасқан күні Бағдарлама бойынша орналастыру мөлшерлемесі мен табыстар мен залалдар есебінде кіріс түрінде мойындалған дисконт ретіндегі, жылдығы 15,6%-ды құрайтын нарықтық мөлшерлеме арасындағы 30,131,746 мың теңге сомасындағы айырмашылықты Банк көрсетіп берді.

«НҮРБАНК» АҚ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

24. РЕТТЕЛГЕН БОРЫШ (ЖАЛҒАСЫ)

Реттелген облигациялар (жалғасы)

Банк облигацияларды орналастыру күнінен бастап 5 жыл бойы әрекет ететін келесі шектеулер мен шарттарды қабылдады:

- Банк Агенттік белгілеген жеке капиталының жеткіліктілік коэффициентін орындауды міндеттенеді.
- Банк өз активтерін шығару бойынша әрекеттер жасамауға міндеттенеді. Нәтижесінде Банкке айтарлықтай залал келген немесе залал келуі мүмкін және Банктің қаржылық жағдайының және/ немесе төлем қабілетінің нашарлауына ұрындыруы мүмкін төмендегі оқиғалар – топтың активтерін шығару деген ұғымды береді:
 - мүлкті ұстау мен сатуға қатысты жұмсалған Банктің барлық шығындарын есепке ала отырып, тәуелсіз бағалаушы белгілеген құнмен, мүлктің нарықтық құнынан төменгі бағада Банктің мүліктерін үшінші тұлғаларға сату/адалау;
 - үшінші тұлғалардан сапасы төмен немесе тәуелсіз бағалаушы белгілеген нарықтық құнынан жоғары бағада мүлкті және (немесе) қызметті сатып алу немесе үшінші тұлғалардан балама болатын мүлік және (немесе) қызмет сатып алынбаған;
 - номиналды ұстаушылар – Қазақстан Республикасының резиденттері мен бейрезиденттерінде ашылған Банктің жеке шотынан, сонымен қатар нарықтық құнынан төменгі бағадағы тізімдемелер жүйесінде, ұйымдасқан нарық айналымындағы бағалы қағаздарды үшінші тұлғаларға сату/адалау;
 - әдеттегіден тыс, типтік емес немесе ауыртпалықты келісімшарттар жасау, оның ішінде қайтарылмайтыны белгілі қарыздар немесе әдеттегі шеңберден шығып кеткен жеңілдік шарттарымен қарыздар беру;
 - дербес сипатта бағаланатын қарызды тұрақты емес кепіл затына 70% және одан жоғары жатпайтын қамтамамен жауып, жабу деңгейін төмендету;
 - Банк, онымен ерекше қатынаста байланысқан тұлғамен келісімшарт жасаса және ол келісімшарт шарттарын орындамаса, ал келісімшартта шегінбелі сома ретінде Банкпен ерекше қатынаста байланысқан тұлғаға берілетін мүлік алынған жағдайда, Банктің мүлкін борынкерлік міндет бойынша шегінбелі құн ретінде өткізу;
 - әдеттегі шаруашылық қызметі облигацияларды орналастырған күні жүргізілетін тәртіпте қызметтің үздіксіз орындалуы тиіс ұстанымы бойынша Банкке шаруашылық қызметін жүргізуіне кедергі келтіретін әрекеттер жасау.

Банк осы ережелер бойынша міндеттерін орындамаған жағдайда, облигацияларды ұстаушылар облигацияларды жай акцияларға айырбастай алады. Банк басшылығы 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы күй жайы бойынша Банктің облигацияларды ұстаушылармен жасаған келісім шарттарына Банк сәйкес келеді деп есептейді.

25. ЖАЛДАУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

<i>Мың теңге</i>	
2022 жылдың 1 қаңтарында	838,077
Түсім	100,262
Түрленуі	434,504
Шығыс	(24,849)
Пайыздық шығын	80,372
Төлемдер	(664,091)
2022 жылдың 31 желтоқсанында	764,275
Түсім	793,191
Түрленуі	38,703
Шығыс	(39,201)
Пайыздық шығын	106,728
Төлемдер	(717,749)
2023 жылдың 31 желтоқсанында	945,947

«НҮРБАНК» АҚ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

26. БАСҚА ДА МІНДЕТТЕМЕЛЕР

	31 желтоқсан 2023 жыл	31 желтоқсан 2022 жыл
<i>Мың теңге</i>		
Басқа да қаржылық міндеттемелер		
Берілген кепілдіктер мен ашылған аккредитивтер бойынша қорлар	9,293,567	5,712,499
Берілген кепілдіктер мен ашылған аккредитивтер бойынша кредиторлық берешек	935,353	1,745,196
Есептелген операциялық шығыстар	846,941	894,917
Шығарылған электрондық ақша бойынша міндеттемелер	37,805	-
	11,113,666	8,352,612
Басқа да қаржылық емес міндеттемелер		
Банктік операциялар бойынша алдын ала төлемдер	977,232	418,824
Басқа да төленуі тиіс салықтар	696,728	362,235
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептелген шығыстар	285,122	942,933
Басқа да қаржылық емес міндеттемелер	651,234	480,416
	2,610,316	2,204,408
	13,723,982	10,557,020

2023 және 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған кездегі берілген кепілдіктер мен ашылған аккредитивтер бойынша қорлардың өзгеруі келесі түрде берілуі мүмкін:

	2023 жыл	2022 жыл
<i>Мың теңге</i>		
Жыл басындағы күй-жайы бойынша қордың шамасы	5,712,499	1,669,461
Таза қорды түзу (5-Ескерту)	3,587,568	4,029,328
Бағамдық айырмашылықтар	(6,500)	13,710
Жыл аяғындағы күй-жайы бойынша қордың шамасы	9,293,567	5,712,499

27. АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ МЕН ҚОРЛАР

Шығарылған акционерлік капитал

Топтың төленген жарғылық капиталы 2023 жылдың 31 желтоқсандағы күй-жайы бойынша 147,649,693 мың теңгені (2022 жылдың 31 желтоқсаны: 147,649,693 мың теңге) құрады.

2023 жылдың 31 желтоқсанындағы күй-жайы бойынша шығаруға рұқсат етілген акционерлік капиталды 133,700,000 жай акциялар мен 300,000 артықшылықты акциялар құрайды (2022 жылдың 31 желтоқсаны: 133,700,000 жай акциялар мен 300,000 артықшылықты акциялар). Шығарылған және айналымдағы акционерлік капитал 2023 жылдың 31 желтоқсанында 13,494,068 жай акциядан және 225,874 артықшылықты акциядан (2022 жылдың 31 желтоқсаны: 13,494,068 жай акция мен 225,876 артықшылықты акция) тұрады. Акциялардың номиналды құны жоқ.

Жай акциялардың иелерінің жариялануына қарай дивидендтер алуына құқығы бар, сондай-ақ олар Банк акционерлерінің жалпы жиналыстарында бір дауыс құқығын иеленеді.

Қорлардың сипаттамасы мен мақсаты

Жер мен ғимараттарды оң бағытта қайта бағалау

Жер мен ғимараттарды оң бағытта қайта бағалауға бастапқы күн мен кейінге қалған корпоративтік салықты есепке алмағанда, активтерді мойындау немесе олардың құнсыздануы тоқтатылған сәтке дейінгі жер мен ғимараттарды оң бағытта берілген жинақталған құндардың арасындағы айырмашылық алынады.

Әділ құн бойынша қор

Әділ құн бойынша қорға басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланған әділ құнды таза өзгертуде жинақталған борышкерлік қаржылық активтер, сондай-ақ осы активтер шығарылған сәтке дейін осы активтер бойынша бағалаушы қорлардың өзгеру шамалары кіреді.

«НҰРБАНК» АҚ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

27. АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ МЕН ҚОРЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Дивидендтер

Қазақстан Республикасы заңнамасының және Топтың құрылтай құжаттарының талаптарына сәйкес қорларды белгілеу үшін қол жетімді шамалар Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің реттеуінде болады. Жай акциялардың дивидендтері, олар аударылған кезең үшін белгіленбеген пайда ретінде көрсетіледі. 2023 пен 2022 жылдарға дивидендтер жарияланбады.

Акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар

2023 жылдың 31 желтоқсанындағы күй-жайы бойынша Топ 13,192 меншікті жай акциялар мен 1,447 артықшылықты акцияны сатып алды. 2023 жылдың ішінде 24 мың теңге сомасына 2 артықшылықты акция сатып алынды.

28. ЖАЙ, БАЗАЛЫҚ ЖӘНЕ БЫТЫРАҢҚЫ АКЦИЯЛАР ТАБЫСЫ

Акцияның базалық табысы

Акциялардың базалық пайда көрсеткіші жай акциялардың иелеріне тиесілі таза пайдаға және айналымдағы жай акциялардың орташа есептелген санына негізделеді және олар төмендегідей анықталады.

Мың теңге	2023 жыл	2022 жыл
Жыл ішіндегі пайда	7,742,385	5,656,646
Акциялардың базалық пайдасын есептеудегі орташа есептелген жай акциялардың саны	13,494,068	13,494,068
Жыл ішіндегі акциялардың базалық табысы, теңгемен	573.76	419.20

2023 пен 2022 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылы әлеуетті бытыраңқы акциясы төмендегідей берілді:

	2023 жыл	2022 жыл
Акцияның базалық табысын есептеуге қажетті жай акциялардың орташа өлшенген саны	13,494,068	13,494,068
Бытыраңқылық тиімділігі, айырбасталатын реттелген облигациялармен шартталған	13,359,818	13,359,818
Бытыраңқылық тиімділігін есепке ала отырып, түзетілген жай акциялардың орташа өлшенген саны	26,853,886	26,853,886

	2023 жыл	2022 жыл
Жыл ішіндегі пайда	7,968,261	5,882,340
Акцияның бытыраңқы табысын есептеуге қажетті жай акциялардың орташа өлшенген саны	26,853,885	26,853,886
Жай акцияға бытыраңқы пайда, теңгемен	296.73	219.05

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

29. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Тәуекелдерді басқару банктік қызметтер негізінде жатыр және ол Топтың операциялық қызметінің маңызды элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел және өтімділік тәуекелі Топ өз қызметін жүзеге асыру үдерісі кезінде кездесетін негізгі тәуекелдер болып табылады.

Тәуекелдерді басқару саясаты мен жосықтары

Топтың тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Топ ұрынатын тәуекелдерді анықтауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдерге лимиттер мен сәйкесті бақылау белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару саясаты мен жосықтары ұсынылған банктік өнімдер мен қызметтерге қарай нарықтық жағдаяттың өзгерістеріне қарсы тұру мақсатында жүйелі негізде қайта қарастырылады.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқаруды бақылау жүйелерінің лайықты жұмысы, басты тәуекелдерді басқару мен тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттар мен жосықтарды мақұлдау, сондай-ақ ірі мәмілелерді мақұлдау үшін жауапкершілікке тартылады.

Басқарма тәуекелдерді төмендету шараларына мониторинг енгізу, сондай-ақ Топ қызметін белгіленген тәуекелдер шегінде жүргізуін бақылау үшін жауапкершілікке тартылады.

Тәуекелдер департаменті басшысының міндетіне жалпы тәуекелдерді басқару және қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуына бақылау жүргізу, сондай-ақ жалпы ұстанымдардың қолданылуына бақылау жүргізу мен анықтау әдістерін бағалау, қаржылық та, қаржылық емес те тәуекелдер бойынша есептер әзірлеу кіреді. Ол тікелей Басқарма Төрайымына және Директорлар кеңесіне жанама түрде есеп беруге міндетті.

Кредиттік және нарықтық тәуекелдер мен өтімділік тәуекелі жалпы қоржын деңгейінде де, сонымен қатар жекелеген мәмілелер деңгейінде де, Кредиттік комитеттер және Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитеттің (АПБК) жүйелері арқылы басқарылады және бақыланады. Шешімдер қабылдау үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында Топ тәуекелдерге ұрыну түрі мен шамаларына қарай кредиттік комитеттердің иерархиялық құрылымын жасады.

Тәуекелдің сыртқы, сонымен қатар ішкі деректері ұйымның шеңберінде анықталады және басқарылады. Тәуекелдің деректерінің толық тізімін анықтауға және тәуекелдерді төмендетудің ағымдағы жосықтарының жеткілікті деңгейін белгілеуге ерекше назар аударылады. Кредиттік және нарықтық тәуекелдерге стандарттық талдау берумен қатар, Тәуекелдер департаменті жекелеген бағыттар бойынша сараптамалық баға алу үшін операциялық бөлімшелермен тұрақты түрде кездесулер өткізу арқылы қаржылық және қаржылық емес тәуекелдерге мониторинг жүргізеді.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – бұл нарықтық құндардың өзгерістер себебінен қаржылық құралдарға қатысты әділ құнның немесе ақша қаражаттарының келешек ағымдарының өзгеру тәуекелі. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, пайыздық мөлшерлемелер өзгеру тәуекелінен, сондай-ақ басқа да құнға қатысты тәуекелдерден тұрады. Нарықтық тәуекел нарықта жалпы және ерекше өзгерістердің ықпалына және нарықтық құндар мен валюталардың айырбас бағамдарындағы өзгерістер деңгейінің әртараптылығының әсеріне түсетін қаржылық құралдардың пайыздық және үлестік орнынан қатысты туындайды. Нарықтық тәуекелді басқару тапсырмасы нарықтық тәуекелдің қолайлы шамалардан артып кетпеуін бақылау болып табылады, бұл орайда қабыл етілген тәуекелден алынатын кірістердің оңтайлылығын қамтамасыз етілуі қажет.

Банктің Басқарма Төрайымы басқаратын АПБК нарықтық тәуекелді басқарғаны үшін жауапкершілікке тартылады. АПБК Тәуекелдер департаментінің ұсыныстарына сүйене отырып, нарықтық тәуекелдің лимиттерін бекітеді. Топ қоржынның шамасына қатысты ашық орындар бойынша лимиттерді, пайыздық мөлшерлемелерді өзгерту мерзімдерін, валюталық жай мен нәтижесін Банк Басқармасы қарайтын және бекітетін жүйелі мониторингі жүргізу арқылы нарықтық тәуекелдерді басқарады.

Пайыздық мөлшерлемелерді өзгерту тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелерді өзгерту тәуекелі – бұл нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді өзгерту себебінен қаржылық құрал бойынша әділ құнды немесе ақша қаражаттарының келешек ағымдарының өзгертуден келетін тәуекел. Топ, оның қаржылық жағдайына басымдықты нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді толқуынан және ақша қаражаттары ағымының өзгеруіне болатын ықпалға ұрынуы мүмкін. Мұндай құбылу пайыздық маржаның деңгейін өсіруі мүмкін, алайда түсіруі де, әлде өзгерістер пайыздық мөлшерлемелер аяқасты өзгерген жағдайда, шығындарға ұрындыруы да мүмкін.

«НҮРБАНК» АҚ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

29. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Нарықтық тәуекел (жалғасы)

Пайыздық мөлшерлемелерді өзгерту тәуекелі (жалғасы)

Пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау мерзімдерін талдау

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі көбіне пайыздық мөлшерлемелердің өзгерістеріне мониторинг жүргізу арқылы басқарылады. Негізгі қаржылық құралдар бойынша пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау мерзімдеріне қатысты қысқаша ақпарат төмендегідей берілуі мүмкін:

	3 айдан аз	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан көп	Пайызсыз	Баланстық құны
<i>Мың теңге</i>							
2023 жылдың 31 желтоқсаны							
АКТИВТЕР							
Ақшалай қаражат пен олардың баламалары	67,551,259	—	—	—	—	14,073,387	81,624,646
ТШӨҚ бойынша бағаланатын қаржылық активтер	—	—	—	—	—	13,194	13,194
БЖҚӨҚ бойынша бағаланатын қаржылық активтер	8,273,606	5,572,365	584,935	46,543,393	3,830,718	2,695	64,807,712
Амортизацияланған күн бойынша бағаланатын қаржылық активтер	—	—	—	—	36,251,092	—	36,251,092
Кредиттік мекемелердегі қаражаттар	949,261	53,365	3,488,293	—	—	—	4,490,919
Клиенттерге берілген кредиттер	45,299,093	18,389,951	49,836,895	109,355,055	22,244,373	—	245,125,367
Басқа да қаржылық активтер	—	—	—	—	—	5,201,126	5,201,126
	122,073,219	24,015,681	53,910,123	155,898,448	62,326,183	19,290,402	437,514,056
МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Банктер мен басқа қаржы ұйымдарының қаражаты	836,459	—	19,669	966,814	4,376,455	—	6,199,397
Клиенттердің қаражаты	88,440,848	75,414,285	79,336,960	30,995,330	9,115,394	56,393,131	339,695,948
Шығарылған Борышкерлік бағалы қағаздар	374,125	—	—	10,000,000	—	—	10,374,125
Реттелген борыш	139,145	—	1,253,977	8,184,813	19,409,298	2,494,554	31,481,787
Жалдау бойынша міндеттемелер	—	—	—	945,947	—	—	945,947
Басқа да қаржылық міндеттемелер	—	—	—	—	—	11,113,666	11,113,666
	89,790,577	75,414,285	80,610,606	51,092,904	32,901,147	70,001,351	399,810,870
Таза позиция	32,282,642	(51,398,604)	(26,700,483)	104,805,544	29,425,036	(50,710,949)	37,703,186

«НҮРБАНК» АҚ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

29. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Нарықтық тәуекел (жалғасы)

Пайыздық мөлшерлемелерді өзгерту тәуекелі (жалғасы)

Пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау мерзімдерін таңдау (жалғасы)

Мың теңге	3 айдан аз	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан көп	Пайызсыз	Баланстық құны
2022 жылдың 31 желтоқсаны							
АКТИВТЕР							
Ақпалай қаражат пен олардың баламалары	28,753,525	—	—	—	—	15,050,889	43,804,414
ТШӘЖ бойынша бағаланатын қаржылық активтер	—	—	—	—	—	10,132	10,132
БЖКӘЖ бойынша бағаланатын қаржылық активтер	54,913,468	13,552,415	9,216,191	22,156,528	4,205,557	2,695	104,046,854
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер	—	—	—	—	36,937,055	—	36,937,055
Кредиттік мекемелердегі қаражаттар	967,763	—	2,717,606	—	—	—	3,685,369
Клиенттерге берілген кредиттер	43,814,842	19,778,624	44,504,596	117,182,476	16,879,319	—	242,159,857
Басқа да қаржылық активтер	—	—	—	—	—	9,138,188	9,138,188
	128,449,598	33,331,039	56,438,393	139,339,004	58,021,931	24,201,904	439,781,869
МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Банктер мен басқа қаржы ұйымдарының қаражаты	688,728	395,321	668,847	1,935,334	2,716,003	—	6,404,233
Клиенттердің қаражаты	46,007,573	89,487,721	63,160,060	37,221,620	9,552,243	93,159,812	338,589,029
Шығарылған Борышкерлік бағалы қағаздар	374,125	—	14,976,888	10,000,000	—	—	25,351,013
Реттелген борыш	141,970	1,253,980	—	—	26,873,850	2,268,859	30,538,659
Жалдау бойынша міндеттемелер	—	—	—	764,275	—	—	764,275
Басқа да қаржылық міндеттемелер	—	—	—	—	—	8,346,112	8,346,112
	47,212,396	91,137,022	78,805,795	49,921,229	39,142,096	103,774,783	409,993,321
	81,237,202	(57,805,983)	(22,367,402)	89,417,775	18,879,835	(79,572,879)	29,788,548
Таза позиция							

«НҰРБАНК» АҚ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

29. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Нарықтық тәуекел (жалғасы)

Пайыздық мөлшерлемелерді өзгерту тәуекелі (жалғасы)

Орташа тиімді пайыздық мөлшерлемелер

Төмендегі келесі кестеде орташа тиімді пайыздық мөлшерлеме мен 2023 пен 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы күй-жайы бойынша міндеттер көрсетілген. Бұл пайыздық мөлшерлемелер сәйкесті активтер мен міндеттемелерді өтеуге дейінгі шамамен алынған кірісті көрсетеді.

	31 желтоқсан 2023 жыл			31 желтоқсан 2022 жыл		
	Орташа тиімді пайыздық мөлшерлеме, %			Орташа тиімді пайыздық мөлшерлеме, %		
	Тенге	АҚШ доллары	Басқа да валюталар	Тенге	АҚШ доллары	Басқа да валюталар
Пайыздық активтер						
Ақшалай қаражат пен олардың баламалары	15.82	3.24	0.07	13.83	1.27	0.05
БЖКӘҚ бойынша бағаланатын қаржылық активтер	15.73	3.13	2.15	12.71	3.09	3.66
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер	—	—	—	—	4.88	—
Кредиттік мекемелердегі қаражаттар	13.87	—	8.45	12.39	0.28	8.85
Клиенттерге берілген кредиттер	15.08	6.43	5.63	12.86	6.30	5.55
Пайыздық міндеттемелер						
Банктер мен басқа қаржы ұйымдарының қаражаты	2.02	—	—	2.01	—	—
Клиенттердің қаражаты						
– Ағымдағы шоттар мен талап етілгенге дейінгі депозиттер	0.06	—	—	0.06	—	—
– Мерзімдік депозиттер	13.02	0.97	—	10.36	0.82	—
Шығарылған Борышкерлік бағалы қағаздар	10.01	—	—	9.46	—	—
Реттелген борыш	11.34	—	—	11.27	—	—
Репо мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	8.15	—	—	8.06	—	—

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

29. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Нарықтық тәуекел (жалғасы)

Пайыздық мөлшерлемелерді өзгерту тәуекелі (жалғасы)

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгерістеріне деген сезімталдықты талдау

Пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау мерзімдерін талдауға негізделген пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелін басқару қаржылық активтер мен міндеттердің сезімталдық мониторингімен толықтырылады. Таза пайданың немесе шығынның және капиталдың (салықтарды есепке алмағанда), пайыздық мөлшерлемелердің өсу немесе төмендеу жағына 100 базистік орындағы қысық кірістің параллель қозғалуының қарапайым сценарийі негізінде құрылған және 2023 пен 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы күй-жайы бойынша қолданыстағы пайыздық активтер мен міндеттер қайта қарастырылған орындар негізінде жасалған (пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау тәуекелі) сезімталдығын талдау төмендегідей беріледі:

Мың теңге	2023 жыл	2022 жыл
Мөлшерлемелерді төмендету жағына қарай 100 базистік тармаққа қарай қатар қозғау	126,012	25,987
Мөлшерлемелерді өсіру жағына қарай 100 базистік тармаққа қарай қатар қозғау	(126,012)	(25,987)

Таза пайданың немесе шығынның және капиталдың әділ құны бойынша бағаланған қаржылық құралдардың әділ құны өзгерістеріне қатысты сезімталдықты талдау, пайыздық мөлшерлемелерді (2023 пен 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы күй-жайы бойынша әрекет еткен орындарға қарай және пайыздық мөлшерлемелердің өсу немесе төмендеу жағына 100 базистік орындағы қысық кірістің параллель қозғалуының қарапайым сценарийі негізінде құрылған) өзгерістер себебінен кезең ішіндегі пайданың немесе шығынның және басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланған құрамындағы өзгерістер төмендегідей көрсетілуі мүмкін:

Мың теңге	2023 жыл		2022 жыл	
	Табыс немесе шығын	Капитал	Табыс немесе шығын	Капитал
Мөлшерлемелерді төмендету жағына қарай 100 базистік тармаққа қарай қатар қозғау	—	1,419,208	—	770,411
Мөлшерлемелерді өсіру жағына қарай 100 базистік тармаққа қарай қатар қозғау	—	(1,393,878)	—	(676,822)

Валюталық тәуекел

Топтың бірнеше шетелдік валютада қамтылған активтері мен міндеттемелері бар.

Валюталық тәуекел — бұл валюта айырбастау бағамдарының өзгеруі себебінен қаржылық құралдар бойынша әділ құн немесе ақша қаражаттарының келешек ағымдарының өзгеру тәуекелі. Топ өзінің валюталық тәуекелге ұрынуы мүмкін екенін хеджирлеген күннің өзінде мұндай операциялар ҚЕХС сәйкес қарым-қатнасты хеджирлеу анықтамасына сәйкес келмейді.

«НҮРБАНК» АҚ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

29. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Нарықтық тәуекел (жалғасы)

Валюталық тәуекел (жалғасы)

2023 пен 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы күй-жайы бойынша валюталарға қатысты бөлігінде қаржылық активтер мен міндеттемелердің құрылымы келесі үлгіде берілген:

	АҚШ доллары	Еуро	Басқа да валюталар	Барлығы
31 желтоқсан 2023 жыл				
АКТИВТЕР				
Ақшалай қаражат пен олардың баламалары	11,245,581	1,790,767	4,198,689	17,235,037
Табыс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер	12,394	—	—	12,394
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер	7,556,144	3,848,708	—	11,404,852
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер	36,251,092	—	—	36,251,092
Кредиттік мекемелердегі қаражаттар	3,541,658	—	—	3,541,658
Клиенттерге берілген кредиттер	27,626,147	89	987	27,627,223
Басқа да қаржылық активтер	1,354,224	11,917	201,026	1,567,167
Активтердің барлығы	87,587,240	5,651,481	4,400,702	97,639,423
МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Клиенттердің қаражаты	76,604,971	4,619,070	2,238,421	83,462,462
Басқа да қаржылық міндеттемелер	938,834	76,908	920,861	1,936,603
Кредиттік мекемелердің қаражаты	823,961	1,096	49	825,106
Реттелген облигациялар	8,323,958	—	—	8,323,958
Міндеттемелердің барлығы	86,691,724	4,697,074	3,159,331	94,548,129
Таза баланстық позиция	895,516	954,407	1,241,371	3,091,294
Таза баланстан тыс позиция	(50,479)	—	—	(50,479)
Нетто позициясы	845,037	954,407	1,241,371	3,040,815
	АҚШ доллары	Еуро	Басқа да валюталар	Барлығы
31 желтоқсан 2022 жыл				
АКТИВТЕР				
Ақшалай қаражат пен олардың баламалары	4,511,166	1,943,042	2,433,329	8,887,537
Табыс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер	10,132	—	—	10,132
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер	7,692,023	3,532,286	—	11,224,309
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер	36,937,055	—	—	36,937,055
Кредиттік мекемелердегі қаражаттар	2,717,606	—	—	2,717,606
Клиенттерге берілген кредиттер	41,278,816	28,945	1,180	41,308,941
Басқа да қаржылық активтер	2,644,037	11,291	311,704	2,967,032
Активтердің барлығы	95,790,835	5,515,564	2,746,213	104,052,612
МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Клиенттердің қаражаты	86,871,054	4,923,117	2,516,820	94,310,991
Басқа да қаржылық міндеттемелер	91,957	14,141	2,346	108,444
Кредиттік мекемелердің қаражаты	17,108	1,938	292	19,338
Реттелген облигациялар	8,493,145	—	—	8,493,145
Міндеттемелердің барлығы	95,473,264	4,939,196	2,519,458	102,931,918
Таза баланстық позиция	317,571	576,368	226,755	1,120,694
Таза баланстан тыс позиция	(2,354,889)	—	—	(2,354,889)
Нетто позициясы	(2,037,318)	576,368	226,755	(1,234,195)

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

29. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Нарықтық тәуекел (жалғасы)

Валюталық тәуекел (жалғасы)

Қазақстандық теңге бағамын 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы күй-жайы бойынша 20 %-ға және 2022 жылы 20%-ға өзгерту келесі валюталарға қатысты бұдан былай капитал мен пайданы немесе шығынды өсіру/ (төмендету) келесі кестеде көрсетілген. Мұндай талдау салықтарды есепке алмастан жүргізіледі және Топтың көзқарасынша, есептік кезеңнің аяғындағы жай-күй бойынша негізделген болып табылатын валюталық бағамдардың өзгерістеріне негізделеді. Талдау қалған барлық уақытша мөлшерлемелер, әсіресе пайыздық мөлшерлемелер өзгеріссіз қалатынын білдіреді.

	2023 жыл	2022 жыл
2023 жылы (2022 жылы: 20%) АҚШ доллары бағамының қазақстан теңгесіне қатысты 10 %-ға өсуі	89,552	(407,464)
2023 жылы (2022 жылы: 20%) еуро бағамының қазақстан теңгесіне қатысты 10 %-ға өсуі	95,441	115,274
2023 жылы (2022 жылы: 20%) басқа валюталар бағамының қазақстан теңгесіне қатысты 10 %-ға өсуі	124,137	45,351

Қазақстандық теңге бағамының 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы күй-жайы бойынша бұрын аталған валюталарға қатысты өсуі, барлық басқа уақытша шамалар өзгеріссіз қалған жағдайда, кері әсер етеді.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – Топтың қарыз алушылары немесе контрагенттері міндеттерін орындамауы нәтижесінде туындайтын қаржылық шығын тәуекелі. Топ кредиттік тәуекелді жекелеген контрагенттер, тәуекелдің географиялық немесе салалық шоғырлануына қарай тәуекел көлемін шектеу арқылы, сондай-ақ тәуекелге қойылған лимиттерді ұстануына мониторинг жүргізу арқылы басқарады.

Қамтама көлемін қайта қарау кезеңін қосқанда, бұрын орын алған өзгерістерді қамтамасыз ету үшін Топ кредиттік сапаны тексеру жосығын жасап шықты.

Кредиттік сапаны тексеру жосықтары Топқа тәуекелдер бойынша әлеуетті шығындарды көлемін бағалауға және қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Туынды қаржылық құралдар

Туынды қаржылық құралдарға қатысты кредиттік тәуекел қаржылық жағдайы туралы шоғырланған есепте мойындалған оң бағыттағы әділ құндағы туынды құралдармен кез келген уақытта шектеледі.

Кредиттік сипаттағы міндеттермен байланысқан тәуекелдер

Топ өзінің клиенттеріне кепілдіктер алу мүмкіндігін береді, соған орай клиенттердің атынан Топқа төлемдер жүргізу қажеттілігі туындауы мүмкін. Клиенттер мұндай төлемдерді берілген аккредитивтің шарттарына сәйкес Топқа өтеп береді. Көрсетілген келісімшарттар бойынша Топ тәуекелдерге ұрынады, бұл тәуекелдер кредиттік тәуекелдер ұқсас болады және олар тәуекелдерді бақылау саясаты мен жосықтары көмегімен төмендетіледі.

Өзара есептесу туралы бас келісімдер мен қамтама беру туралы келісімдерді қолдану себебінен болған тәуекелдердің салдарының ықпалын есепке алмағандағы қаржылық жағдайы туралы шоғырланған есеп баптарының баланстық құны осы баптардың кредиттік тәуекелдерінің ең жоғарғы көлемін мейлінше дәл қамтиды.

Әділ құн бойынша көрсетілетін қаржылық құралдар, олардың баланстық құны кредиттік тәуекелдердің ағымдағы көлемі түрінде беріледі, алайда ол құнның келешекте өзгеруі нәтижесінде туындауы мүмкін тәуекелдің жоғарғы көлемін көрсете алмайды.

29. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Кредиттік сипаттағы міндеттермен байланысқан тәуекелдер (жалғасы)

Қаржылық құралдардың әрбір сыныбы бойынша кредиттік тәуекелдердің ең жоғарғы көлемі туралы толығырақ ақпарат жекелеген ескертулерде берілген.

Қазынашылық және банкаралық қатынастар

Топтың қазынашылық және банкаралық қатынастарына қаржылық қызметтер көрсететін ұйымдар, банктер, брокер-дилерлер, биржалар мен клирингтік ұйымдар секілді контрагенттермен жасалатын қатынастар кіреді. Мұндай қарым-қатнасты бағалау үшін Топтың кредиттік тәуекелдер департаменті қаржылық есептілік, басқа сыртқы көздерден алынған мәліметтер, мысалы, сыртқы рейтингілер секілді жалпы жұртқа мәлім ақпараттарды талдайды және төмендегі кестеде көрсетілгендей ішкі рейтинг деңгейін тағайындайды.

Коммерциялық кредиттеу және шағын бизнестің кәсіпорындарын кредиттеу

Коммерциялық кредиттеу жағдайында қарыз алушыларға бағалауды Топтың арнаулы кредиттік тәуекелдер департаменті жүргізеді. Кредиттік тәуекелдерді бағалау әртүрлі тарихи, ағымдағы және болжау ақпараттарына негізделген:

- Клиенттерге қатысты әзірленген болжамдар мен жоспарлармен бірге тарихи қаржылық ақпарат. Мұндай қаржылық ақпаратқа алынған және күтілген нәтижелер, төлем қабілеттілігінің коэффициенттері, өтімділік коэффициенттері мен клиенттің қызметінің қаржылық нәтижелерін бағалауға қолайлы басқа кез келген коэффициенттер туралы мәліметтер жатады. Мұндай көрсеткіштердің бөлігі клиенттермен жасалған келісімшарттарда бекітіледі, демек оларды бағалауға үлкен назар бөлінеді.
- Сыртқы ақпарат көздерінен алған клиенттер туралы жалпы жұртқа мәлім ақпарат. Мұндай ақпаратқа рейтингтік агенттіктер тағайындаған сыртқы рейтингілер, тәуелсіз сарапшылардың есептері, нарық айналымындағы облигациялардың құны немесе баспасөз хаттары мен баптар кіреді.
- Макроэкономикалық немесе геосаяси ақпараттар, мысалы, ІАӨ өсу қарқыны нақты сала мен клиент өз қызметін жүргізіп отырған географиялық өңірге қатысты қолданылады.
- Ұйымның қызметінің нәтижелерін анықтау үшін қолданылуға қолайлы клиентті басқару сапасы мен мүмкіндігі туралы негізделген және расталған басқа да ақпараттар.

Кредиттік сапаны бағалау күрделілігі мен әдістерінің егжей-тегжейі Топтың тәуекелге ұрынғыштығына және клиенттің күрделілігі мен көлеміне қарай ерекшеленеді. Шағын бизнес кәсіпорындарының кейбір күрделі емес кредиттерін Топ бөлшек сауда өнімдеріне арналған моделдерді қолдана отырып бағалайды.

Тұтынушылық кредиттеу мен ипотекалық кредиттеу

Тұтынушылық кредиттеуге жеке тұлғалардың кепілдерімен қамтамасыз етілмеген кредиттері, Кредиттік карталар мен овердрафттар жатады. Бұл өнімдерді бағалау негізгі көрсеткіші кешіктірілген күндер саны болып табылатын скорингтің автоматтандырылған жүйелерін қолдана отырып, ипотекалық кредиттермен және шағын бизнес кәсіпорындарының кейбір күрделі емес кредиттерімен бірге жүргізіледі. Жұмыссыздық деңгейі, халық кірістерінің / еңбек ақы деңгейінің өзгеруі, жеке борыштардың сомалары, сондай-ақ ипотекалық кредиттеу жағдайында кредит сомасының сатып алынатын мүліктің құнына қатыстылығы коэффициенті моделдерде қолданылатынынан басқа негізгі бастапқы мәліметтер болып табылады.

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСANYНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

29. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Тұтынушылық кредиттеу мен ипотекалық кредиттеу (жалғасы)

Топ ішкі кредиттік рейтингтің келесі деңгейін қолданады:

Ішкі рейтинг деңгейі	Ішкі рейтинг санаты	Қаржылық жағдайдың интерпретациясы
Төменгі кредиттік тәуекел	АА-дан ААА дейін А	Оң бағыттағы қаржылық жағдай Тұрақты қаржылық жағдай
Орташа кредиттік тәуекел	ВВ-дан ВВВ-ға дейін В	Қанағаттанарлық қаржылық жағдай Тұрақты емес қаржылық жағдай
Жоғарғы кредиттік тәуекел	С-дан ССС-ға дейін D	Қанағаттандырылмайтын қаржылық жағдай Сыни қаржылық жағдай
Дефолт алды жағдайы		

Дефолт тәуекеліне ұрынған шама

Дефолт тәуекеліне ұрынған шама (EAD) құнсыздануы бағалануы қаржылық құралдардың жалпы баланстық құны түрінде беріледі және ол клиенттің дефолт жақындаған кезде өз берешектерін арттыруы, сондай-ақ мерзімінен бұрынғы өтеу тәсілдерін қамтиды. 1-Кезең кредиттерінің EAD есептеу мақсатында Топ 12 айлық ККШ бағалау үшін 12 ай ішіндегі дефолттың орын алу ықтималдығын бағалайды. Қаржылық активтердің 2-Кезең мен 3-Кезең активтерінің көрсеткіші үшін құрал әрекет еткен бүкіл мерзім ішінде орын алуы мүмкін оқиғаларға арналған EAD құралдары қарастырылады. Топ әртүрлі уақыт кезеңдеріндегі дефолт орын алған кездегі мүмкін болған нәтижелерді моделдеу арқылы EAD көрсеткішін анықтайды, бұл көптеген сценарийлерге сәйкес келеді. Осыдан кейін Топ моделдерінің нәтижелеріне қарай ҚЕХС (IFRS) 9-ға сәйкес әрбір экономикалық сценарийге PD көрсеткіші тағайындалады.

Топ өзінің корпоративтік және жекелеген клиенттеріне Топтың бір-ақ күн ішінде хабарлай отырып, кері шақыруға және/немесе лимиттерін азайтуға құқығы бар әртүрлі овердрафттар мен Кредиттік карталар ұсынады. Топ кредиттік шығындардың тәуекелге ұрынғыштығын хабарлау үшін келісілген мерзімдермен шектемейді, есесіне Топ клиенттің әрекетіне қатысты болжамын, дефолт ықтималдығы мен кредиттік тәуекелдерді төмендету бағытында Топ қолданған келешек шаралар қамтитын, кезеңнің ішіндегі ККШ есептейді. кредиттік карталарға арналған ККШ дисконттау үшін қолданылатын пайыздық мөлшерлеме күтілген кезеңдегі тәуекелге ұрынғыштыққа қатысты қолданылады деп күтілген орташа тиімді пайыздық мөлшерлемеге негізделеді. Мұндай бағалауда көптеген кредиттер ай сайын толық көлемде төленеді, осыған орай оларға пайыз есептелмейді.

29. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Дефолт кезіндегі шығын деңгейі

Коммерциялық кредиттеу жағдайында LGD көрсеткішін клиенттермен жұмыс істеу жөніндегі менеджерлер аз дегенде үш айда бір рет бағалайды және оны Топтың кредиттік тәуекелдер департаменті қайта қарастырады және бекітеді.

Кредиттік тәуекелдерді бағалау нәтижесінде LGD белгілі бір деңгейлері белгіленетін LGD бағалау стандартты моделдеріне негізделеді. LGD бұл деңгейлері ұсталған қамтаманы қалпына келтіру немесе сату нәтижесінде қол жеткізілетін сомалармен салыстырғанда EAD күтілген көрсеткішін есепке алады.

Топ өзінің бөлшек сауда кредиттік өнімдерін келешек акша ағымдарын орынды бағалауға қажетті негізгі сипаттамаларға сүйене отырып, біртекті топтарға біріктіреді. Осы мақсатта өткен кезендердің шығындар туралы ақпараттар қолданылады және мәмілелерге тән (мысалы, өнімнің түрі, қамтама түрі), сондай-ақ қарыз алушы сипаттамаларының кең спектрі қарастырылады.

Қажет болған кездерде, ҚЕХС (IFRS) 9 бойынша қаржылық құралдардың әрбір тобына арналған LGD деңгейін анықтау үшін жаңа мәліметтер мен болжанған экономикалық сценарийлер қолданылады. Болжама ақпараттарын бағалау кезінде күтілген нәтижелері көптеген сценарийлерге негізделеді. Негізгі бастапқы мәліметтердің мысалдарына ипотекалық кредиттеу жағдайында тұрғын үйдің құнын қосқанда, қамтама құнының, тауарлар құнының, төлем мәртебесінің немесе құралдар тобына қатысты шығындарды білдіретін басқа да деректердің өзгеруі жатады.

1, 2, 3-Кезендер мен КҚСЖ активтерінің барлық сыныптарына арналған LGD деңгейлері бағаланады. LGD мұндай деңгейлерінің бастапқы мәліметтері бағаланады және мүмкін болған жағдайларда жақында қалпына келтірілген тарихи мәліметтер негізінде тестілеу арқылы түзетіледі. Қажет болған жағдайда әрбір экономикалық сценарийдің мұндай мәліметтері анықталады.

Кредиттік тәуекелдердің бірталай өсуі

Топ тұрақты түрде КҚШ есептелетін барлық активтерді тексеріп отырады. Құрал немесе құралдардың қоржыны бойынша (яғни сомала 12-айлық КҚШ немесе КҚШ бүкіл мерзімде) құнсызданудың бағалаушы қорын қандай сомала құру қажет екенін анықтау үшін бастапқы мойындау сәтінен бастап бұл құралға немесе құралдардың қоржыны бойынша кредиттік тәуекелдер бірталай өскен-өспегенін Топ талдайды. егер кредиттің қолданылу мерзімі ішінде PD көрсеткіші бастапқы мойындау кезіндегі көрсеткіштен айтарлықтай асып кетсе (кемінде 200%-ға (екі жүз пайызға)), Топ бастапқы мойындау сәтінен бастап қаржылық құралдың кредиттік тәуекелі айтарлықтай өсті деп есептейді. Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуін бағалау үшін 12 (он екі) ай ішінде дефолт ықтималдығы 5 (бес) пайыздан асатын қарыздар есепке алынады.

29. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Кредиттік тәуекелдердің бірталай өсуі (жалғасы)

Топ сондай-ақ актив бойынша кредиттік тәуекелдердің бірталай өсуінің орын алғанын көрсету үшін қосымша сапалы мысалы, кредиттік оқиғаларға байланысты клиентті/кредитті проблемалы немесе қайта құрылымдау тізіміне аудару секілді әдіс қолданады. Кейбір жағдайларда Топ сондай-ақ жоғарыда «Дефолтты анықтау» тарауында берілген оқиғаларды, дефолт ретінде емес, кредиттік тәуекелдердің бірталай өсуі ғана деп қарастыруы мүмкін. Кредиттік рейтинг деңгейлерінің өзгерістеріне қарамастан, егер келісімшартта қарастырылған төлемдер 30 күннен артық мерзімге кешіктірілсе, онда бастапқы мойындау сәтінен бастап кредиттік тәуекелдер бірталай өскен деп есептеледі.

ККШ топтық негізде бағаланған жағдайда, Топтың ұқсас активтердің тобына онда бастапқы мойындау сәтінен бастап кредиттік тәуекелдер бірталай өскен активтерге пайдаланылған бағалау ұстанымдарын қолданады.

Топтық негізде бағаланатын қаржылық активтердің топтамасы

Төменде көрсетілген деректерге қарай Топ дербес негізде, әлде топтық негізде ККШ есептейді.

Топ дербес негізде ККШ есептейтін активтердің сыныптары төмендегідей:

- қаржылық активтердің сыныбына қарамастан, 3-Кезеңнің барлық активтері;
- коммерциялық кредиттеу қоржыны мен Банктің меншікті капиталының 0,2% мәнділік шегінен асатын басқа да активтер;
- шағын бизнестің кәсіпорындарын кредиттеу қоржынындағы ірі және ерекше құралдар;
- қазынашылық және банк аралық қатынастар (мысалы, банктегі қаражаттар, амортизацияланған құнмен және БЖКӨҚ бойынша бағаланатын ақша қаражаттары мен борыштық инвестициялық бағалы қағаздар баламалары).

Топ топтық негізде ККШ есептейтін активтердің сыныптары төмендегідей:

- шағын бизнестің кәсіпорындарын кредиттеу қоржыны аясындағы кішігірім және стандартты активтер;
- 1 мен 2-Кезеңдердің ипотекалық және тұтынушылық кредиттері, сондай-ақ 1-Кезеңнің коммерциялық кредиттеу қоржыны;
- топтық негізде басқарылатын сатып алынған кредиттік-құнсызданған қаржылық активтер.

Топ осы қаржылық активтерді кредиттердің ішкі және сыртқы сипаттамаларына, мысалы, ішкі кредиттік рейтингіне, төлемдерді кешіктірген мерзіміне, өнім түріне, кепілзаттық коэффициентіне немесе қарыз алушы өз қызмет жүргізетін саласына қарай біртекті топтарға біріктіреді.

Кредиттік сапасының (құнсыздануды қосқанда) нашарлауымен қарыз алушының берешегінің дербес қорының шамасын есептеу үшін, кредиттік шығынның әртүрлі сценарийлерге арналған ықтимал бағалары бойынша өлшенген берешектерді өтеудің/реттеудің әртүрлі сценарийлер негізінде қарыз алушының барлық келісімшарттары бойынша берешектерге арналған күтілген кредиттік шығындар бағаланады.

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

29. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Дербес негіздегі күтілген кредиттік шығындарды бағалау

Дербес негізде қорландыру шеңберінде келесі кезеңдер анықталды:

- 1) қарыз алушы жұмысының ағымдағы стратегиясын анықтау;
- 2) берешектерді өтеу мен олардың орын алу ықтималдығын анықтау сценарийлері;
- 3) ақша ағымдарын сценарийлерге қатысты моделдеу.

Бастапқы кезеңде, есеп жүргізу сәтіндегі барлық қолда бар ақпараттарды ескере отырып, кредитті өтеудің ең ықтимал сценарийлеріне сараптамалық бағалау жүргізіледі. Қарыз алушымен жұмыс істеу стратегиясына қарай әртүрлі сценарийлер жүзеге асырылуы мүмкін.

Күтілген кредиттік шығындарды ұжымдық негізде бағалау

Күтілген кредиттік шығын бастапқы мойындау сәтінен бастап кредиттік тәуекелдер біршама өсуіне қарай 12 айлық немесе қызмет мерзімі негізінде бағаланады немесе қаржылық актив кредиттік-құнсызданған деп есептеледі. Күтілген кредиттік шығындар тәуекелдің келесі өлшемдерінің дисконтталған нәтижесі түрінде беріледі – Дефолт ықтималдылығы (PD), Дефолт жағдайындағы шығындар тәуекелі (EAD) мен төмендегідей анықталған Дефолт жағдайындағы шығындар (LGD). Қаржылық активтердің құнсыздану қорлары мен кредиттік сипаттағы міндеттерді ұжымдық бағалау, кредиттік тәуекелдер ұқсас сипаттарына сәйкес қоржын бөлінетін біртекті топтар негізінде жүргізіледі.

Дефолт ықтималдылығының коэффициенті (PD) артық күш және шығын шығармастан, бағалау күні қол жетімді болған тарихи статистикалық негізде миграция матрицасын қолдана отырып есептеледі. PD бағалау мақсатында Банк кредиттердің өткізілген мерзім санаттары арасынан өту ықтималдығының әдістемесін пайдаланады.

Дефолт тәуекеліне ұшырауы мүмкін қаржылық актив бойынша берешек шамасын бағалау EAD параметрі болып табылады. Демек, есептік күннен кейін кредиттік талаптар шамасының сомаларын, атап айтқанда, қаржылық құралдың пайыздары мен номиналдық құндыларының төлемдерін өзгертуден тұратын дефолт тәуекеліне ұрынуы мүмкін сомалар. Дисконттау мөлшерлемесі ретінде қаржы құралының бастапқы тиімді мөлшерлемесі пайдаланылады.

Кредиттік сипаттағы міндеттемелерге арналған ККШ қорларын бағалау

Қарыз алушыда кредиттер бойынша ағымдағы баланстық берешектер болған кезде кредиттік сипаттағы міндеттемелерге арналған қорларды бағалау, қабылданған қарыз алушымен жұмыс істеу стратегиясына қарай, сол қарыз алушының баланстық берешектерін қорландыруда қолданылатын тәсілдерге сәйкес жүргізіледі. Кредиттік тәуекелдердің кәдімгідей өсуін бағалау үшін қорландыру талаптарын қолдануды бастапқы мойындау мақсатындағы күні ретінде Топ өзіне кері қайтарылмайтын міндеттерді алған күн қолданылады.

Кредиттік тәуекелдердің біршама өскендігін білдіретін деректері қарыз алушының сегментіне қарай қолданылады. Кредиттік сипаттағы міндеттерге арналған күтілген кредиттік шығындардың есебі кредиттік сипаттағы міндеттердің көлеміне қарай дербес немесе ұжымдық негізде есептеледі.

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

29. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Кредиттік сипаттағы міндеттемелерге арналған ККШ қорларын бағалау (жалғасы)

Кредиттік сипаттағы міндеттер бойынша қорларды дербес бағалау, Топ бенефициар алдындағы шартты міндеттерді орындау ықтималдығын есепке ала отырып, қабылданған қарыз алушымен жұмыс жүргізу стратегиясына (кредиттік немесе дефолттық) қарай жүргізіледі.

Берешектері бар қарыз алушының кредиттік сипаттағы маңызды және құнсызданған болып табылатын барлық міндеттері бойынша Топ келесі істерді жүргізеді:

- күтілген ақша түсімдері мен күтілген ақша қаражаттарын шығару уақыты мен сомаларын бағалау;
- күтілген бастапқы ақша ағымдарының ағымдағы келтірілген құны мен әрбір сценарий шеңберінде күтілген ақша түсімдерінің келтірілген құны арасындағы айырмашылықтарды бағалау. Дисконттау үшін қолданылатын мөлшерлеме осы нақты міндеттерге тән нарықтық пайыздық мөлшерлеме мен тәуекелдерді көрсетуі тиіс.

Ақша ағымын құру мүмкін болмаған жағдайда, Топтың ақша қаражаттарын қарыз алушының қолдану ықтималдығын есепке ала отырып, уәделген пайым негізінде кредиттік сипаттағы міндеттердің қорлары дербес бағалануы мүмкін:

- егер қарыз алушы кредиттік стратегия қабылдаса – шартты міндеттер мен құжаттамалық операциялардың дебиторлық берешектері бойынша бағалау ұжымдық негізде жүргізіледі, күтілген бастапқы ағымдардың ағымдағы келтірілген құны мен күтілген ақша түсімдерінің келтірілген құны арасындағы айырмашылық кредиттік желілер бойынша баға болып табылады, әлде баланстық берешек бойынша қорландыру мөлшерлемесі қолданылады;
- егер қарыз алушы бойынша дефолт стратегиясы қабылданса – шартты міндеттер мен құжаттамалық операциялардың дебиторлық берешектері бойынша бағалау баланстық берешектердің қорларын бағалауға ұқсас негізде жүргізіледі, қол жетімділік болмаған жағдайда, кредиттік желілер бойынша қорларды бағалау жүргізілмейді, ол нөлге тең.

Ұжымдық негізде кредиттік сипаттағы міндеттер бойынша қорларды есептеу тәсілі біртекті қарыздарға қолданылатын тәсілге ұқсас қорландырудың үш сатысына негізделеді.

Болжамдық ақпараттар мен көптеген экономикалық сценарийлер

Егер ККШ есептеу үшін қолданылатын басты рұқсаттар, 1 пайыздық орынға өзгертін болса, негізгі қоржындар бойынша ККШ қалай өзгертініне қатысты сезімталдыққа Топ талдау жүргізді. ККШ өзінің есептік моделдерінде Топ бастапқы экономикалық мәліметтер ретінде болжамдық ақпараттың кең спектрін қолданады, мысалы:

- жұмыссыздық деңгейін;
- ҚРҰБ базалық мөлшерлемелерін;
- ақша айырбастау бағамдарын.

Болжамдық ақпаратты алу үшін Топ сыртқы көздердің (сыртқы рейтингтік агенттіктердің, мемлекеттік органдардың, мысалы, орталық банк пен халықаралық қаржылық институттардың) мәліметтерін қолданады.

«НУРБАНК» АҚ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

29. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Қаржылық активтердің сыныптары бойынша кредиттік сапа

Топ қаржылық активтердің кредиттік сапасын жоғарыда баяндалғандай, рейтингтер тағайындаудың ішкі жүйелерінің көмегімен басқарады. Төмендегі кестеде Топтың кредиттік рейтингілері жүйелерінің негізіндегі қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің кредиттік баптарына байланысты активтердің сыныптарына қатысты кредиттік сапаға талдау берілген.

	Ескерту	Жоғарғы рейтинг	Стандартты рейтинг	Стандартты рейтингтен төмен	Құнсызданған	Жиынтығы
31 желтоқсан 2023 жыл						
Қолма-қол қаражатты есепке алмағанда, ақшалай қаражат пен олардың баламалары	13	1-Кезең	67,551,259	—	—	67,551,259
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер	14	1-Кезең	36,251,092	—	—	36,251,092
БЖКӨҚ бойынша бағаланатын қаржылық активтер	15	1-Кезең	64,807,712	—	—	64,807,712
Кредиттік мекемелердегі қаражаттар	16	1-Кезең	4,490,919	—	—	4,490,919
		1-Кезең	11,203,009	100,595,597	—	111,798,606
— Ірі кәсіпорындарға берілген кредиттер	17	2-Кезең	—	—	2,143,539	2,143,539
— Шағын және орта кәсіпорындарға берілген кредиттер	17	3-Кезең	—	—	—	—
		1-Кезең	10,790,403	58,341,846	—	69,132,249
— Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер	17	2-Кезең	—	—	2,114,525	2,114,525
		3-Кезең	—	—	—	—
— Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер	17	1-Кезең	15,491,592	13,753,455	—	29,245,047
		2-Кезең	—	—	301,211	301,211
		3-Кезең	—	—	—	—
Басқа да қаржылық активтер	20	1-Кезең	73,163	—	—	73,163
		2-Кезең	—	—	5,127,963	5,127,963
Шартты қаржылық міндеттемелер	31	1-Кезең	8,077,741	33,149,752	—	41,227,493
		2-Кезең	—	—	14,778	14,778
		3-Кезең	—	—	—	—
			—	—	1,187,850	1,187,850
Жиынтығы			218,736,890	205,840,650	9,702,016	31,738,019
						465,857,597

«НҰРБАНК» АҚ

2023 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН
